

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**
**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

**ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ
ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ**

**ЖАЛПЫ ҚОЛДАНЫСДАҒЫ АВТОМОБИЛЬ
ЖОЛДАРЫН ҚЫСҚЫ КҮТІП-ҰСТАУ
ҚР ВН 6.1-001-2024**

**ЗИМНЕЕ СОДЕРЖАНИЕ
АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ОБЩЕГО ПОЛЬЗОВАНИЯ
ВН РК 6.1-001-2024**

**Ресми басылым
Издание официальное**

Астана 2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

**ЖАЛПЫ ҚОЛДАНЫСДАҒЫ АВТОМОБИЛЬ
ЖОЛДАРЫН ҚЫСҚЫ КҮТІП-ҰСТАУ**

ҚР ВН 6.1-001-2024

Ресми басылым

Астана 2024

Алғысөз

- | | |
|--|---|
| 1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ
ЕНГІЗДІ | «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты»
акционерлік қоғамы («ҚазжолҒЗИ» АҚ) |
| 2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛДІ | Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігі
Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының 2024
жылғы «25» қарашадағы № 144 бұйрығымен |
| 3 КЕЛІСІЛДІ | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
Әкімшілік полиция комитетінің 2024 жылғы «16»
шілдедегі № 5-5-5-5-67/1-10478 хатымен.

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамының 2024 жылғы «07» тамыздағы № 03-
01/12-01/2559-И хатымен.

«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» ШЖҚ
РМК» 2024 жылғы «27» тамыздағы № 03/1448
хатымен. |
| 4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ | ҚР ЕР 218-32-03, ҚР Ұ 218-138-2017 |

Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында (<https://new-shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>), сондай-ақ "InfoZhol" – <http://infozhol.kad.org.kz> электронды *мәліметтер* базасында *қол жетімді*

Осы Ведомстволық нормативті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1	Қолдану саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Жалпы ережелер	2
5	Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауды ұйымдастыру	9
5.1	Дайындық кезеңі	9
5.2	Қар басу дәрежесі бойынша Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының қар шөгінділері мен аймақтарын қалыптастыру	10
5.3	Жол жамылғысының қысқы тайғақтығын бағалау және жолдарды қардан тазарту бойынша қабылданатын іс-шаралар	10
5.4	Жолдарды қардан тазартудың шұғыл шаралары	14
5.5	Автомобиль жолдарын қар басудан қорғау	15
5.6	Қысқы тайғақпен күресу	15
5.7	Қысқы тайғақтың пайда болуының алдын алу	19
5.8	Көктайғаққа қарсы химиялық реагенттерге және оларды қолдануға қойылатын технологиялық талаптар	19
5.9	Фрикциялық көктайғаққа қарсы материалдарды пайдалануға қойылатын технологиялық талаптар	23
5.10	Көктайғаққа қарсы химиялық материалдарды үлестірудің техникалық ережелері мен нормалары	25
5.11	Цементбетон жамылғыларында көктайғаққа қарсы материалдарды пайдалану	28
5.12	Құйылмалы асфальтбетоннан салынған жол төсемелеріндегі қысқы тайғақтыққа қарсы күрес	30
5.13	Борпылдақ қар кезінде қысқы тайғақпен күресу жолдары	30
5.14	Жасанды құрылыстарды қысқы күтіп-ұстау	31
5.15	Тау жолдарын қар көшкінінен қорғау	31
5.16	Мұз қатумен күресу	33
5.17	Қысқы күтіп-ұстау бойынша орындалған жұмыс туралы есеп	34
6	Қысқы күтіп-ұстау кезінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-пайдалану техникасына техникалық жай-күйі бойынша қойылатын талаптар	34
7	Еңбекті қорғау	35
8	Қоршаған ортаны қорғау	36
9	Қысқы кезеңде жол ұйымдары жүргізетін бақылаулар	37
10	Автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды қысқы күтіп-ұстау кезінде өндірісті және орындалған жұмыстарды операциялық және инспекциялық бақылау	38

А қосымшасы (ақпараттық) Ерігіштік диаграммасы әдісімен химиялық реагенттердің тұтыну нормасын анықтауға арналған есептеу мысалдары	40
Б қосымшасы (міндетті) Диспетчерлік қызметке қойылатын негізгі талаптар	42
В қосымшасы (міндетті) Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстар материалдарының құрамы мен мазмұны	50
Г қосымшасы (ақпараттық) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы қысқы тайғақтықтың негізгі түрлері мен сипаттамалары	58
Д (ақпараттық) Ерітінділердің шоғырлануын тексеру	60
Е қосымшасы (ақпараттық) Қыста жолдарды тазалауға арналған технологиялық материалдар базасы	61
Ж қосымшасы (ақпараттық) Топырақ пен өсімдіктерді көктайғаққа қарсы материалдар қалдықтарының әсерінен қорғаудың табиғатты қорғау шаралары	63
З қосымшасы (міндетті) Қар өлшеуіш пунктінің сипаттама нысаны	65
И қосымшасы (міндетті) Қар өлшеу пункті бойынша қар шөгінділерін өлшеу журналының нысаны	66
Библиография	67

1 Қолдану саласы

Осы Ведомстволық норматив жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына қолданылады және автомобиль жолдарын, жасанды құрылыстарды қысқы күтіп-ұстау, көктайғаққа қарсы материалдарды (бұдан әрі – КҚМ) қолдану, үздіксіз және қауіпсіз жол қозғалысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және орындауға қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

Ведомстволық нормативтің талаптары мыналарға қолданылады:

- автомобиль жолдарын басқарушылар;
- автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауға арналған жол-пайдалану техникасын өндіруді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар.

Ведомстволық нормативте қатты немесе сұйық күйінде қолданылатын әртүрлі КҚМ, оның ішінде фрикциялық, химиялық және аралас түрлерін пайдалана отырып, автомобиль жолдарындағы қысқы тайғақтыққа қарсы күрес тәсілдері мен әдістері, оларды қолданудың технологиялық ерекшеліктері, техникалық ережелер мен үлестіру нормалары баяндалған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ведомстволық нормативтерді қолдану үшін стандарттау жөніндегі мынадай анықтамалық құжаттар және нормативтік-техникалық құжаттар қажет:

ҚР СТ 1279-2014 «Автомобиль жолдары және әуежайлар. Жолдың кедір-бұдырлығын және автомобиль доңғалақтарының жол жабынымен ілінісу коэффициентін анықтау әдістері».

ҚР СТ 1412-2017 «Жол қозғалысын реттеудің техникалық құрылдары. Қолдану ережелері».

ҚР СТ 2607-2015 «Жол жұмыстары орындалатын орындарда қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары. Негізгі параметрлер. Қолдану ережелері».

ГОСТ 450-77 «Техникалық хлорлы кальций. Техникалық шарттар».

ГОСТ 2081-2010 «Техникалық карбамид (зэртас). Техникалық шарттар».

ГОСТ 3117-78 «Аммоний ацетаты (аммоний сірке қышқылы). Техникалық шарттар».

ГОСТ 4233-77 «Хлорлы натрий. Техникалық шарттар».

ГОСТ 7759-73 «Техникалық хлорлы магний (бишофит). Техникалық шарттар».

ГОСТ 33181-2014 «Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Қысқы күтіп-ұстау деңгейіне қойылатын талаптар».

ГОСТ 33220-2015 «Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Пайдалану күйіне қойылатын талаптар».

ГОСТ 33387-2015 «Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Көктайғаққа қарсы материалдар. Техникалық талаптар».

ҚР ЕР 218-21-2021 «Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын салу, қайта салу, жөндеу және күтіп ұстау кезінде қоршаған ортаны қорғау бойынша нұсқаулық».

ҚР ЕР 218-27-2014 «Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау бойынша нұсқаулық».

ҚР ЕР 218-29-2017 «Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі техникалық ережелер».

ҚР Ұ 218-54-2006 «Жол экологиялық мониторингін құру әдістемесі. Практикалық ұсыныстар».

ҚР Ұ 218-198-2022 «Жазғы және қысқы кезеңде пайдалану сапасының деңгейіне байланысты жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын және елді мекендердің

көшелерін ағымдағы жөндеуге, күтіп-ұстауға және көгалдандыруға арналған жол-пайдалану техникасына қажеттілік нормативтері».

Ескертпе – осы Ведомстволық нормативті пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша стандарттау жөніндегі құжаттардың жыл сайын шығарылатын каталогы және ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың мерзімді түрде шығарылатын тиісті ақпараттық көрсеткіштері бойынша анықтамалық стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексеру орынды. Егер сілтеме стандарты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда ведомстволық нормативтерді пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме стандарты ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ведомстволық нормативте ГОСТ 33181 бойынша терминдер мен анықтамалар сондай-ақ, тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылды:

3.1 Талаптар деңгейі: Ұлттық шаруашылық және әкімшілік мәндерін, қозғалыс қарқындылығын және табиғи-климаттық факторларды ескере отырып белгіленетін жалпы пайдалнымдағы автомобиль жолдарының конструктивтік элементтерінің көліктік-пайдалану сипаттамаларына қойылатын талаптар.

3.2 Экстремалды ауа-райы жағдайлары: Қардың қарқындылығы 5 см/сағ-тан астам жауы 6 сағаттан көп уақытқа созылатын, желдің жылдамдығы 14 м/с-тан асатын боран немесе ауаның орташа тәуліктік температурасы -10°C -тан төмен болған кездегі жағдайлар (бөлек немесе жиынтықта) 2 тәуліктен артық байқалады.

3.3 Қар: Қабылдай алатын формалардың әртүрлілігіне, сондай-ақ термодинамикалық тұрақсыздыққа байланысты күрделі материал. Бұл қардың шиеленіскен күйінде температураның әсерінен немесе ылғалдану кезінде тез өзгеруіне мүмкіндік береді. Жаңа жауған үлпілдек қардың тығыздығы $0,01-0,04 \text{ т/м}^3$, ине қардың тығыздығы $0,01-0,02 \text{ т/м}^3$ тең. Желмен қатпарланған қар жамылғысының тығыздығы $0,2-0,3 \text{ т/м}^3$ тең, кейде $0,45 \text{ т/м}^3$ дейін жетеді.

3.4 Үлестіру тығыздығы: Аудан бірлігіне бөлінетін көктайғаққа қарсы материалдар (КҚМ) мөлшері (г/м^2 , мл/м^2).

3.5 Қар-мұз түзілімінің қату күштері (τ): Бұзу жанама кернеу (МПа).

3.6 Қар-мұз түзілімдері (шөгінділер): Физикалық күйі мен сыртқы белгілері бойынша келесі түрлерге бөлінетін жолдағы қар шөгінділері: борпылдақ қар, тығыздалған қар (орама), шыны тәрізді мұз.

3.7 Қарлы-мұзды орама: Тығыздығы $0,3$ -тен $0,6 \text{ т/м}^3$ дейінгі әр түрлі қалыңдықтағы нығыздалған қар. Шиналардың қар орамасының бетімен ілініск коэффициенті $0,01-0,25$ құрайды. Тайғақтықтың бұл түрі жаңа жауған қардың көлік құралдарының дөңгелектерімен тығыздалуы нәтижесінде пайда болады.

3.8 Шыны тәрізді мұз: Жамылғыда қалыңдығы $1-3 \text{ мм}$ тегіс шыны тәрізді қабықша түрінде, кейде қалыңдығы 10 мм немесе одан да көп күңгірт ақ кедір-бұдырлы қыртыс түрінде пайда болады.

3.9 Қардың қаттылығы: Қардың деформацияға немесе морттық сынуға төзімділігі (МПа). Қардың қаттылығы уақыт өте келе оның тығыздығының жоғарылауымен артады. Қоршаған орта температурасының төмендеуі қардың қаттылығының жоғарылауына әкеледі.

3.10 Директивалық мерзімдер: Жол ұйымдарына жолдарды қардан тазарту және/немесе қар жауу, боран тоқтағаннан немесе жамылғыда көктайғақ құбылыстарын қалыптастырғаннан (анықтағаннан) кейін қысқы тайғақтықты жою үшін ГОСТ 33220 құжатында белгіленген шектерге дейін белгіленетін уақыт кезеңі;

3.11 Қар жауудың (боранның) қарқындылығы: Белгілі бір уақыт аралығында (сағат, тәулік) қар жауу (түзілімі) кезінде қар жамылғысының қалыңдығының артуы (сантиметрмен).

Ескертпе – Шартты түрде қар жауу қарқындылығы қар жамылғысының қалыңдығы 3 см/сағ дейін болғанда әлсіз, орташа - 3-5 см/сағ, күшті - 5 см/сағ болады.

3.12 Қар басу көлемі: Боран кезінде жолдың алдыңғы ұзындығының бір метріне әкелінетін текше метрмен өлшенген қардың мөлшері;

3.13 Қар жинайтын бассейн: Шекаралық кедергілерден бос (егістік, шалғын, жайылым, су қоймасы), автомобиль жолының әр жағына тікелей іргелес жер. Қар жинайтын бассейнді жолдың жүру бөлігінен тазартылған қарды жинау қиын, нәтижесінде көбінесе қалалық жолдар жолаққа тарылатын автомобиль жолдарының қалалық желілерінде бөлген жөн.

Ескертпе – Шекаралық кедергілерге желмен қардың тасымалдануын болдырмайтын орман, бұталар, ірі елді мекендер және т.б. жатады.

3.14 Қар өлшеу пункті: Қар басу көлеміне тұрақты бақылау жүргізуге арналған стационарлық пункт.

3.15 Қар қабылдау полигоны: Табиғи жылу әсерінен қар мен қар-мұз түзілімдерін қоймалауға, ұзақ сақтауға, кәдеге жаратуға арналған арнайы телім.

3.16 Қар еріту пункті: Қарды кәдеге жаратуға арналған кіріктірілген технологиялық жабдығы бар көмілген темірбетон құрылымы.

3.17 Жол-пайдалану техникасы: Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жол жұмыстарын орындауға арналған машиналар, механизмдер және жабдықтар.

4 Жалпы ережелер

4.1 Қысқы күтіп-ұстауды ұйымдастыру бойынша жұмыстарға басшылық жасау және үйлестіруді жүзеге асырады:

- халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында - жол органы;
- республикалық маңызы бар қалалар мен астананың автомобиль жолдарында - республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдіктері;
- облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында - облыстық және аудандық әкімдіктер.

4.2 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жұмыстарын автомобиль жолдарын басқарушылар орындайды.

4.3 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезінде жедел басқару шешімдерін қабылдау үшін автомобиль жолдарын басқарушылар ауа-райы-климаттық және жол жағдайлары туралы ақпаратты жинау, талдау, қабылдау және беру мақсатында диспетчерлік қызметтің тәулік бойы жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

4.4 Автомобиль жолдарының менеджерлері мыналарды қамтамасыз етуі қажет:

- [1] және осы ведомстволық норматив талаптарының негізінде автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- [5] және [6] сәйкес қысқы кезеңде автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары;

– автомобиль жолдарының жай-күйін және оларда қозғалыс қауіпсіздігін патрульдеу жолымен тексеруді ұйымдастыру: республикалық жолдар талаптардың 1, 2 деңгейі облыстық, аудандық маңызы бар жолдар талаптарының 3 деңгейі - күн сайын, ал қалған

жолдар - маршруттық көлік құралдарының қозғалысының болуын ескере отырып, қысқы күтіп-ұстау материалдарына сәйкес;

- автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау ақауларын уақтылы анықтау және жою;
- қардың басуына және автомобиль жолдарының тайғақтығына байланысты қозғалыс үзілістерін болдырмау бойынша қажетті шараларды қабылдау;

- ҚР СТ 1412 және ҚР СТ 2607 сәйкес автомобиль жолдарын пайдаланушыларды жол қозғалысын реттеудің қажетті техникалық құралдарын (бұдан әрі - ЖҚРТҚ) орнату арқылы, сондай-ақ "Абайлаңыз! Көктайғақ!" жазуы бар арнайы жарық таблоларымен және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы автомобиль жолдарындағы қозғалыс жағдайлары туралы уақтылы хабардар ету;

- мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қажетті ақпаратты беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

- автомобиль жолдарына байланыстырылған қысқы күтіп-ұстау бойынша жұмыстардың барлық түрлеріне технологиялық карталарды әзірлеудің уақтылы жүргізілуін бақылау, технологиялық карталарды қарау және бекіту.

4.5 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың құрамына дайындық жұмыстары, автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауды тікелей жүзеге асыру, қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды аяқтау және атқарылған жұмыс туралы есепті жасау кіреді.

4.6 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезінде тәулік бойы екі – І және ІІ қиындық дәрежесіндегі жұмыстарды орындау көзделуі тиіс.

Автомобиль жолдарын басқарушылардың жұмыс штабтары жариялайтын күрделіліктің І дәрежесі кезінде жұмыстар қауіпсіз жол қозғалысы үшін елеусіз кедергілерді жою мақсатында қолда бар күштер мен құралдармен (қар тазалау, КҚМ үлестіру, жол жиектерін тазалау және т.б.) штаттық режимде орындалады.

Күрделіліктің ІІ дәрежесін автомобиль жолдарындағы қозғалысқа елеулі кедергілер (экстремалды ауа райы жағдайларының немесе басқа да қолайсыз құбылыстардың туындауы салдарынан) туындау қаупі кезінде жол органының және жергілікті атқарушы органдардың жедел штабтары жариялайды. Жұмыстарды орындау үшін меншікті күштер мен құралдардың максималды саны, ал қажет болған жағдайда басқа кәсіпорындар тартылады.

4.7 Жол-пайдалану техникасына қажеттілік нормативтері және олардың автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қамтамасыз етілуі ҚР Ұ 218-198 сәйкес келуі тиіс.

Аумақтық орналасуына және қармен күресі қиындығына байланысты жол-пайдалану техникасының санын есептеу үшін тиісті түзету коэффициенттері ҚР Ұ 218-198 құжатының 7.1-кестесіне сәйкес қабылданады.

4.8 Барлық күрделілік дәрежелері үшін автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру автомобиль жолдарын басқарушылар әзірлейтін автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жоспарларда көзделеді, оған мыналар кіреді:

- жолдар мен жол құрылыстарын қар үйінділерінен қорғау;
- КҚМ жолдардың жүру бөлігін уақтылы және сапалы өңдеу;
- техниканы дайындау және жөндеу;
- жылыту пункттері мен құм базаларын дайындау және жөндеу;
- КҚМ, жанар-жағармай материалдарын (бұдан әрі – ЖЖМ), көмірд, қажетті ЖҚҰТҚ дайындау.

4.9 Іс жүзінде автомобиль жолдарындағы қысқы тайғақпен күресудің бес әдісі қолданылады:

- механикаландырылған;

- фрикциялық;
- химиялық;
- жылу;
- аралас.

4.10 Қар тазалау техникасы мен жұмысшыларды пайдалана отырып механикаландырылған әдістің міндеті жолдың жүру бөлігін қардан және қар-мұз түзілімдерінен тазарту, оларды жолдан тыс қар қабылдау полигондарына немесе қар еріту пункттеріне алып кету болып табылады.

4.11 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды жүргізудің негізгі сұлбалары ҚР Ұ 218-198 құжатының Б қосымшасында келтірілген.

4.12 Фрикциялық әдісті қолданудың мақсаты ірі түйіршікті құмды, ұсақ қиыршық тасты, қожды, тас материалдарының қалдықтарын қолдана отырып, мұзды жол төсемелерінің ілінісу қасиеттерін арттыру болып табылады.

4.13 Химиялық әдісті қолданған кезде автомобиль жолдарын басқарушыларға екі міндет қойылады:

- профилактикалық әдіспен тайғақтықтың алдын алу;
- апаттық әдіспен тайғақтықты толық жою немесе қатты қар-мұз түзілімін жою.

4.14 Қысқы тайғақпен күресу үшін физика-химиялық сипаттамалары бойынша жарамды мұзға қарсы химиялық реагенттердің қатарына мыналар жатады:

- қатты заттарға қосымша қайта өңдеусіз табиғи түрде КҚМ ретінде қолдануға жарамды әртүрлі табиғи емес материалдар;

- сұйық-табиғи жерасты, жасанды, көл, өнеркәсіп қалдықтары;

- аралас - реагенттердің бірнеше түрінің қоспасы. Мұндай қоспаның көп сипаттамалық қасиеттері бар. Мысалы, мұндай қоспалардың кейбір компоненттері қармен тез әрекеттесуі мүмкін, бірақ олардың жылу беруі немесе еру қабілеті де тез таусылады, ал оның басқа компоненттері қар-мұз түзілімдерінің еруіне баяу және ұзақ әсер етуі мүмкін.

Қатты және сұйық мұзға қарсы химиялық реагенттер туралы ақпарат осы ведомстволық нормативтің А қосымшасында келтірілген.

4.15 Жылу әдісіне мыналар жатады:

- фрикциялық материалдарды алдын ала қыздырылған күйде пайдалану, бұл ретте бастапқы қыздыру температурасы ауа температурасы мен тасымалдау қашықтығына байланысты +120-140°C кем болмауы тиіс;

- жолдың жүру бөлігінің астында жылу желілерін жүргізу (көбінесе қалалық жолдарда қолданылады);

- жер қыртысының жылуын пайдалану. Мұндай жағдайларда аммиак қолданылады, себебі төмен температурада (60°C дейін) оның жылу беруі жаңа жауған қарды ерітуге жеткілікті мөлшерде болады.

4.16 Аралас әдіспен бір уақытта бірнеше әдістер қолданылады. Аралас әдісті қолданған кезде кешенді мәселелер шешіледі.

4.17 Қар жауу, боран және басқа да қолайсыз жағдайларда автомобиль жолдарын пайдалану кезінде автомобиль жолдарында қауіпсіз жол қозғалысын және жолдың ыңғайлы тұтыну қасиеттерін қамтамасыз етуге кедергі келтіретін жамылғыда әртүрлі ақаулар пайда болады. Қыс мезгілінде жолда пайда болатын типтік ақаулар 1-кестеде келтірілген.

4.18 Жолды қысқы күтіп-ұстау жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі жоспарда көзделген іс-шараларды орындаумен қамтамасыз етілетін жолдың және жол құрылыстарының конструктивтік элементтерінің пайдалану жай-күйі кез келген метеорологиялық жағдайларда ГОСТ 33220 талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

1-кесте – Қысқы жағдайдағы автомобиль жолдарының типтік ақаулары

Ақаудың атауы	Түзілімдердің қасиеттері
Жаңа жауған (борпылдақ) қар	Қар мен боран кезінде жол төсеміне түсетін қардың қабаты. Күйіне байланысты қар құрғақ, ылғалды, жабысқақ және әртүрлі тығыздықта болуы мүмкін
Шыны тәрізді (қара) мұз	Жамылғыдағы тегіс шыны тәрізді қабықша мұздың қалыңдығы 1 мм-ден 3 мм-ге дейін, тегіс немесе күңгірт ақ кедір-бұдырлы күйдегі қалыңдығы 10 мм ге дейін және одан да көп
Қар орамасы	Жүріп жатқан көлік құралдарының дөңгелектерімен тығыздалған қар қабаты
Еріген қар	КҚМ қолдану және көлік құралдарының қозғалысы арқылы сұйық массаға айналған қар
Қар жалы	Жол жамылғысынан қардың жылжуы нәтижесінде пайда болған бойлық жал түрінде қардың жиналуы
Тиімді қардан қорғаумен қамтамасыз етілмеу	Жолдың қар басатын телімдерінде қар үйінділерінен тиімді қорғаудың болмауы
ЖҚРТҚ-ғы қар-мұз шөгінділері	Орналасуына сәйкес ЖҚРТҚ ақпаратын қабылдауды қиындататын қар, мұз шөгінділері, қырау

4.19 33181 ГОСТ бойынша жіктеуге сәйкес автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау бес деңгейге бөлінеді: 1, 2, 3, 4 және 5. Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау деңгейлері 2 кестеде келтірілген.

2-кесте – Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау деңгейлері

Күтіп-ұстау деңгейлері	Осы күтіп-ұстау деңгейіндегі жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының маңызы	Қозғалыс қарқындылығының мәні	
		берілген қарқындылық, бірл./тәул.	физикалық бірліктерде, авт./тәул.
1	Халықаралық, республикалық маңызы бар автомобиль жолдары, Астана, Алматы және Шымкент қалаларын облыстардың әкімшілік орталықтарымен байланыстыратын жолдар, облыстардың әкімшілік орталықтарын өзара байланыстыратын автомобиль жолдары	14000-нан астам	7000-нан астам
2	Облыстардың әкімшілік орталықтарын аудандардың әкімшілік орталықтарымен байланыстыратын, 1-күтіп-ұстау деңгейіне жатқызылмаған республикалық маңызы бар автомобиль жолдары, кедендік рәсімдеудің шекаралық пункттеріне кіреберіс жолдар	6000-нан 14000-ға дейін	3000-нан 7000-ға дейін

2-кестенің соңы

Күтіп-ұстау деңгейлері	Осы күтіп-ұстау деңгейіндегі жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының маңызы	Қозғалыс қарқындылығының мәні	
		берілген қарқындылық, бірл./тәул.	физикалық бірліктерде, авт./тәул.
3	Аудандардың әкімшілік орталықтарын өзара жалғайтын облыстық маңызы бар автомобиль жолдары, аудандық маңызы бар қалаларды, қалалық типтегі ауылдарды аудандардың әкімшілік орталықтарымен, теміржол станцияларымен және облыстық және республикалық маңызы бар жолдармен жалғайтын аудандық маңызы бар жолдар	2000-нан 6000-ға дейін	1000-нан 3000-ға дейін
4	3-күтіп-ұстау деңгейіне жатқызылмаған өзге де облыстық жолдар, 3-күтіп-ұстау деңгейіне жатқызылмаған аудандық маңызы бар жолдар, сондай-ақ, елді мекендерді облыстар мен аудандардың әкімшілік орталықтарымен, жақын маңдағы теміржол станцияларымен және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарымен қосатын автомобиль жолдары	200-ден 2000-ға дейін	100-ден 1000-ға дейін
5	3 және 4-күтіп-ұстау деңгейіне жатқызылмаған аудандық маңызы бар автомобиль жолдары	200-ге дейін	100-ге дейін
Ескертпелер 1. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстау деңгейлерін Автомобиль жолдары комитеті бекітеді. 2. Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстау деңгейлерін облыстық және аудандық атқарушы органдар бекітеді және оларды күтіп-ұстауға бақылауды жүзеге асыру үшін Автомобиль жолдары комитетіне жіберіледі. 3. Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау деңгейі 5 жылға дейінгі мерзімге бекітіледі.			

4.20 Жамылғыны КҚМ өндеудің және әдеттегі және экстремалды ауа-райы жағдайында жамылғы мен жол жиектерін қардан тазарту бойынша жұмыстарды орындаудың директивалық мерзімдері 3-кестеде келтірілген.

3-кесте - Жамылғыны КҚМ өндеудің және жамылғы мен жол жиектерін қардан тазарту бойынша жұмыстарды орындаудың директивалық мерзімдері

Жолдарды күтіп-ұстау деңгейі	Директивалық мерзімдер, сағаттарда				Директивалық мерзімдер, күндерде	
	жамылғыны КҚМ өндеу		жамылғыны қардан тазалау		аялдама алаңдары мен жол жиектерін тазалау	
	қалыпты жағдайда	экстрималды жағдайларда	қалыпты жағдайда	экстрималды жағдайларда	қалыпты жағдайда	экстрималды жағдайларда
1	2	4	2	4	1,0	2,0
2	4	6	4	8	2,0	4,0

3-кестенің соңы

Жолдарды күтіп-ұстау деңгейі	Директивалық мерзімдер, сағаттарда				Директивалық мерзімдер, күндерде	
	жамылғыны КҚМ өңдеу		жамылғыны қардан тазалау		аялдама алаңдары мен жол жиектерін тазалау	
	қалыпты жағдайда	экстрималды жағдайларда	қалыпты жағдайда	экстрималды жағдайларда	қалыпты жағдайда	экстрималды жағдайларда
3	4	8	5	10	2,5	5,0
4	6	12	8	16	3,0	7,0
5	7	16	10	20	3,0	8,0
Ескертпелер 1. Қардан тазалаудың директивалық мерзімдері қар жауу немесе боран тоқтаған немесе көктайғақ пайда болған (анықталған) сәттен бастап 3 және 4-кестелерде көрсетілген талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар аяқталғанға дейін айқындалады. 2. 4және 5-күтіп-ұстау деңгейіндегі жолдарда жамылғыны КҚМ өңдеудің директивалық мерзімдері қауіпті телімдер үшін көрсетілген. 3. Белгілі бір аумақтарда төтенше жағдайлар жарияланған кезде директивалық мерзімдердің талаптары қолданылмайды.						

4.21 Директивалық мерзімдер өткеннен кейін жамылғының жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштердің шекті мәндері 4-кестеде келтірілген талаптарға жауап беруі тиіс.

4-кесте – Жүру бөлігінің жай-күйіне қойылатын талаптар

Қар-мұз түзілімдерінің түрі *	Күтіп-ұстау деңгейі бойынша норма				
	1	2	3	4	5
Тығыздалған қардың қалыңдығы, см, көп емес **	Рұқсат етілмейді		10	20	30
Қысқы тайғақтың болуы	Рұқсат етілмейді				
Борпылдақ қардың қалыңдығы, оның ішінде көпір құрылыстарында қар жауған және қар тазалаған кезде, см, көп емес	1	2	2	3	5
* Қар-мұз түзілімдерінің түрлерінің сипаттамасы 3-бөлімде келтірілген. ** Күтіп-ұстаудың 3-5 деңгейіне жатқызылған қары тығыздалған жол телімдері ГОСТ 33387 талаптарын қанағаттандыратын фрикциялық немесе химиялық-фрикциялық КҚМ өңделуі тиіс.					

4.22 Жол жиектері мен бөлу жолағының жай-күйі ГОСТ 33181 құжатының 1-кестенің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.23 Қардан тазалау кезінде көпір құрылыстарының жаяужолдары мен баспалдақ жиектерінің жай-күйі ГОСТ 33181 құжатының 5-кестесінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.24 Су өткізгіш құбырлардың жай-күйі ГОСТ 33181 құжатының 6-кестесінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.25 Жылдың қыс мезгілінде туннельдердің, галереялардың, балкондардың және жаяу жүргіншілер өткелдерінің жүру бөлігі әртүрлі қоқыстардан (бөтелкелер, банкалар, қағаздар, пакеттер және т.б.) және қар-мұз түзілімдерінен бос болуы тиіс.

4.26 Қыс мезгіліндегі жол жамылғыларының және оның элементтерінің жай-күйі директивалық мерзімдер өткеннен кейін ГОСТ 33220 және осы ведомстволық нормативтің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.27 Егер қысқы тайғақтықты жою жөніндегі жұмыстар ГОСТ 33220 және осы ведомстволық нормативтің талаптарында белгіленген директивалық мерзімдерде орындалмаса, онда осы ведомстволық нормативтің 6-тармағына сәйкес шаралар қабылданады.

5 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауды ұйымдастыру

5.1 Дайындық кезеңі

5.1.1 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарын автомобиль жолдарын басқарушылардың жедел және жұмыс штабтары ағымдағы жылдың 1-шілдесіне дейін әзірлеуге тиіс. Диспетчерлік қызметке қойылатын негізгі талаптар, автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі материалдардың құрамы мен мазмұны осы ведомстволық нормативтің Б және В қосымшаларында келтірілген.

Автомобиль жолдарын басқарушылардың диспетчерлік қызметі метеорологиялық, гидрологиялық және қоршаған ортаның жай-күйі, оның ішінде ауа райы болжамдары мен дауылды хабарламалар: қар жаууы, боран, жел, көктайғақ құбылыстары туралы және т.б. ақпаратты Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет (бұдан әрі – «Қазгидромет» РМК) ақпараттық ресурстарынан алады.

5.1.2 Жолдар қысқы кезеңде жұмысқа дайындау және ұйымдастыру туралы жыл сайынғы бұйрықтарда мыналарды ескеру қажет:

- әмбебап құм таратқыштарды КҚМ таратудың ең төменгі паспорттық нормалары бойынша олардың жұмыс істеу (аттестаттау) мүмкіндігін және жүру бөлігінің ені бойынша КҚМ үлестірудің біркелкілігін тексере отырып дайындау 15 қыркүйекке дейін жүргізілуі тиіс;

- маршруттық көлік құралдарына арналған алаңдарыда (бір жерде) немесе басқа жерлерде, автомобиль жолдарын басқарушылардың қалауы бойынша қатарынан (шығынына қарай мерзімді толықтырумен) жиналатын ГОСТ 33387 бойынша құм-тұз қоспасын (бұдан әрі - ҚТҚ) дайындау 1- қазанға дейін жүзеге асырылуы тиіс;

- қардан қорғау құрылыстары үшін сигналдық белгілер мен қадаларды орнату ауаның тұрақты теріс температурасы басталғанға дейін, бірақ 1-желтоқсаннан кешіктірмей, қардан қорғау құрылыстары – ауаның тұрақты теріс температурасы басталғаннан кейін орындалуы тиіс;

- автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау бойынша жұмыстармен айналысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерді, диспетчерлерді, кезекшілерді, бригадирлерді және жүргізушілерді оқытуды және олардың білімін тексеруді, лауазымдық нұсқаулықтардың, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың және технологиялық карталардың болуын тексеруді 15-қазанға дейін жүзеге асыру қажет.

5.1.3 Қысқы кезеңде және іс-шараларды жүзеге асыру кезінде жолдар мен ұйымдарды жұмысқа дайындау туралы бұйрықтарда:

- жол жамылғыларын жөндеу (жарықшақтарды тығыздау, шұңқырларды тығыздау және т. б.);

- жасанды құрылыстарды және автомобиль жолдарын жайластыру элементтерін қысқы пайдалануға дайындау бойынша атаулы жұмыстар кешенін жүргізу (көпір төсемесінің жамылғысы мен жасанды құрылыстардың құрылымдық элементтерінің қирау орындарын жөндеу, гидроокшаулау және су бұрудың ақауларын жөндеу, тот пен ластанудан тазарту, қажет болған жағдайда құрылыстардың металл элементтерін тотқа қарсы лак-бояу материалдарымен бояу және т. б.);

- пайдалану кезінде ГОСТ 33387 бойынша натрий хлориді негізіндегі КҚМ пайдалану жоспарланбаса, бетон және темірбетон құрылымдарының беттерін атаулы профилактикалық өңдеуді жүргізу;

- қысқы кезеңде су өткізу құбырларын пайдаланудың өткен жылдардағы бақылауларды ескере отырып, кіру және шығу тесіктерін жабу бойынша атаулы жұмыстар.

5.1.4 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауға арналған КҚМ дайындау жоспарын 15-қазанға дейін дайындау қажет екенін ескеру қажет:

- талаптардың 1, 2, 3 деңгейлеріндегі автомобиль жолдары үшін ГОСТ 33387 бойынша натрий хлоридінің мөлшері таза күйінде пайдалану үшін жабық қоймаларда сақтауды қамтамасыз ететін көлемде;

- Талаптардың барлық деңгейлеріндегі автомобиль жолдарына арналған ҚТҚ - жалпы қажеттіліктің кемінде 70%;

- шұңқырларды жөндеуге арналған органоминаралды және (немесе) эмульсиялық-минаралды жиналатын жөндеу қоспалары - жалпы қажеттіліктің кемінде 70%.

5.1.5 Барлық деңгейдегі автомобиль жолдарында ҚТҚ дайындау көлемді мөлшерлеумен стационарлық немесе жылжымалы араластырғыш қондырғыларда жүргізілуі тиіс. ГОСТ 33387 бойынша натрий хлоридін сақтау тек жабық қоймаларда, барлық кластағы ҚТҚ – жабық қоймаларда немесе шатырлардың астында, немесе ылғал өткізбейтін материалдармен жабу арқылы ашық тәсілмен жүзеге асырылады.

5.2 Қар басу дәрежесі бойынша Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының қар шөгінділері мен аймақтарын қалыптастыру

5.2.1 Қазақстан Республикасының аумағындағы климаттық және рельефтік жағдайлар өте алуан түрлі және олардың әсер ету дәрежесіне және температураның, ауа ылғалдылығының өзгеру қарқындылығына, жауын-шашын мөлшеріне, қысқы кезеңдегі желдің бағыты мен қайталануына байланысты өңірлердің метеорологиялық көрсеткіштеріне байланысты. Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі климаттық жағдайлардың алуан түрлілігіне байланысты қар механикасының өзгеруін ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағын жолдардың қар басу жағдайлары бойынша аудандастыру қысқы күтіп-ұстауды ұйымдастырудың неғұрлым тиімді тәсілі болып табылады.

5.2.2 Қазақстан аумағын аудандастырудың негізгі белгісі ретінде жолдарға әкелінетін қардың көлемі қабылданды, себебі ол боран, жел және қыстың температуралық режимдерінің қармен күресу жағдайларына әсерін интегралды түрде ескереді.

Қармен күресі қиындығы бойынша Қазақстан Республикасының аумағын аудандастыру 7 аймақтан тұрады: мерзімді, жеңіл, орташа, қиын, өте қиын, әсіресе қармен күресу қиын, таулы аудандар және ҚР Ұ 218-198 келтірілген тау жолдарының асу телімдері.

5.3 Жол жамылғысының қысқы тайғақтығын бағалау және жолдарды қардан тазарту бойынша қабылданатын іс-шаралар

5.3.1 Қысқы уақытта жамылғының жай-күйі бастапқыда көзбен шолу арқылы бағаланады. Көзбен бағалау кезінде жамылғының бетіне түскен қардың жай-күйі құралсыз анықталады және қарды қолмен қысу арқылы жүзеге асырылады. Егер қар қолмен қысылған кезде жабыспаса және ұсақталып қалса, оны құрғақ борпылдақ қарға жатқызу керек. Ылғал қар оңай жабысады, бірақ одан су ақпайды, ал жабысқақ қарды сығу кезінде су ағады. Осылайша, қарлы мұз түзілімдерінің жай-күйі осы Ведомстволық нормативтің 3.4-3.10-тармақтарында келтірілген физика-механикалық қасиеттер бойынша бағаланады.

Қар-мұз түзілімдерінің физика-механикалық сипаттамалары және химиялық реагенттермен өңдеусіз жамылғыдағы ілінісу коэффициентінің шамасы 5-кестеде келтірілген.

5-кесте – Қар-мұз түзілімдерінің физика-механикалық сипаттамалары

Қар жамылғысының сипаттамасы	Тығыздығы, т/м ³	Қаттылығы, МПа	Кесуге шекті қарсылығы, МПа	Ілінісу коэффициенті
Өте борпылдақ, жаңа жауған	0,02-0,06	0,02	0,001	0,20-0,25
Борпылдақ қар:				
- құрғақ	0,06-0,10	0,02-0,1	0,005-0,01	0,20-0,25
- ылғал	0,10-0,25			0,18-0,22
- жабысқақ	0,25-тен жоғары			0,12-0,18
Қарлы-мұзды орама	0,30-0,60	0,20-0,50	0,1-0,5	0,10-0,25
Шыны тәрізді мұз	0,70-0,95	0,50-ден жоғары	1,0-2,5	0,08-0,15

5.3.2 Аспаптық әдіспен жамылғының тайғақтығы ҚР ЕР 218-27 сәйкес төмендегідей бағаланады:

$$K_{ск} = \varphi_{фак} / \varphi_{доп}, \quad (1)$$

мұнда, $\varphi_{фак}$ - ілінісу коэффициентінің нақты мәні; $\varphi_{доп}$ - қысқы тайғақ жағдайында бойлық ілінісу коэффициентінің рұқсат етілген мәні: $\varphi_{доп} = 0,28$ жылдың құрғақ кезеңінде; жамылғы ылған болған кезде $\varphi_{доп} = 0,40$ ҚР ЕР 218-31 сәйкес.

5.3.3 Жамылғының ілінісу коэффициентінің нақты мәнін қысқа (1000 м-ге дейін) қашықтықта немесе апаттық-қауіпті жерлерде ("тар жерлерде") анықтаған кезде соққыға әсер ететін портативті аспаптарды пайдалану ыңғайлы. Ілінісу коэффициентінің сенімді мәнін алу үшін таңдалған нүктеде 3-тен 5-ке дейін өлшеу жүргізіледі.

5.3.4 Көзбен және аспаптық бағалау нәтижелері автомобиль жолдарын басқарушыларға қысқы тайғақ түрлерін жою мәселелері бойынша нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Тайғақтықты жою үшін ұсынылатын іс-шаралар 6-кестеде келтірілген.

6-кесте – Қысқы тайғақ түрлерін жоюға арналған іс-шаралар

Технологиялық үдерістер	Борпылдақ қар			Қарлы-мұзды орама	Шыны тәрізді мұз
	құрғақ	ылғал	жабысқақ		
Химиялық реагенттермен өңдеусіз патрульдік тазалау	+	+	+	-	-
Химиялық реагенттерді үлестірудің профилактикалық әдісі	+	+	-	-	-
Сұйық реагенттерді үлестіру	+	+	-	-	+

6-кестенің соңы

Технологиялық үдерістер	Борпылдақ қар			Қарлы-мұзды орама	Шыны тәрізді мұз
	құрғақ	ылғал	жабысқақ		
Жолдардың жүру бөлігінен қарды толық тазалау және шығару	+	+	-	-	-
Химиялық реагенттерді үлестірудің төтенше әдісі	-	-	-	+	+
Фрикциялық материалдарды үлестіру	-	-	-	+	+
Тайғақты жоюдың механикаландырылған әдісі (қайлау)	-	-	-	+	-

5.3.5 ҚР ЕР 218-31 сәйкес нысаналы бағыт бойынша қысқы тайғақтыққа қарсы күрес жөніндегі барлық іс-шаралар үш топқа бөлінеді: қысқы тайғақтықтың пайда болуын болдырмау; пайда болған қар-мұз түзілімдерінің теріс әсерін азайту; қар-мұз түзілімдерінің қабаттарын бұзу және жою.

5.3.6 Іс-шаралардың бірінші тобына химиялық реагенттерді үлестірудің профилактикалық әдісі және патрульдік қар тазалау секілді жұмыс түрлері жатады.

Химиялық реагенттерді қар жауу тоқтағаннан (егер оның ұзақтығы 2-4 сағаттан аспаса) кейін профилактикалық әдіспен үлестіру кезінде патрульдік қар тазалау жүргізіледі. Егер қар тоқтамаса, онда 2-4 сағат аралықпен патрульдік қар тазалау және химиялық реагенттермен қайта себу жүргізіледі.

Химиялық реагенттермен өңдеусіз патрульдік қар тазалау қар қарқындылығы 0,5 см/сағ. аспай жауған кезде уақытта жүзеге асырылады. Қарды уақтылы тазаланбаған жағдайда, қозғалушы көліктің әсерінен қарлы мұзды орамаға айналады, онымен күресу көп еңбек пен шығынды қажет етеді. Патрульдік қар тазалау кезінде қар тазалағыштардың жұмыс жылдамдығы 35-40 шқ/сағ. кем болмауы тиіс.

5.3.7 іс-шаралардың екінші тобына мұзды жол жамылғыларының ілінісу сапасын арттыру мақсатында фрикциялық материалдарын үлестіру жатады.

5.3.8 Іс-шаралардың үшінші тобына қарлы мұзды түзілімдерді (орама) толық еріту және жою үшін химиялық реагенттерді үлестірудің апаттық әдісі және химиялық реагенттерді апаттық әдіспен үлестіргеннен кейін қарлы мұз түзілімдерін (орамаларды) жоюдың механикаландырылған тәсілі жатады.

5.3.9 Автомобиль жолдарын қардан тазарту жол-пайдалану техникасымен патрульдік әдіспен жүргізіледі.

5.3.10 Автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды қардан тазарту жұмыстары қысқы күтіп-ұстау жоспарына және осы Ведомстволық нормативтің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Қар тазалаудың мерзімдері мен толықтығы ГОСТ 33220 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.3.11 Қардың пайда болуының алдын алу үшін осы Ведомстволық нормативтің 5.7-тармағына сәйкес қар тазалаудан кейін – 5.6-тармаққа сәйкес және қар тазалаудан бұрын - КҚМ автомобиль жолының жамылғысын өңдеуді жүргізу қажет.

5.3.12 Қар мен боран кезінде автомобиль жолының жүру бөлігін және жол жиектерін қардан тазартуға қойылатын талаптарының деңгейіне байланысты 7-кестеде келтірілген борпылдақ қардың максималды қалыңдығы кезінде тазалауға кірісу қажет.

7-кесте – Қар тазалағыш машиналарды қолдану шарттары

Жол-пайдалану техникасы	Жұмыс жүргізілетін қардың шекті тығыздығы	Машинаның жұмысы қажет қар қабатының шекті қалыңдығы		Жол-пайдалану техникасын қолдану орынды болатын жұмыстар	
		толық емес қармау	толық қармау	басқа	негізгі
Қайырмалы соқалы-щеткалы автомобиль қар тазалағыштары («Тройка»)	0,3	0,3	0,7	патрульдік тазалау	шағын қалыңдықтағы қар үйінділерін тазарту; тазарту жолағын кеңейту
Қайырмалы соқалы автокөлік қар тазалағыштары	0,4	қысқа - 0,6 дейін; ұзын - 0,4 дейін	0,8	орташа қалыңдықтағы қар үйінділерін тазарту	тазарту жолағын кеңейту
Шнекороторлы қар тазалағыштар, шнекороторлар	0,6	1,5-ке дейін		қар жалдарын тазалау (оның ішінде жыралардың үстінде орналасқандарын)	қар үйінділерін тазарту
Қайырмалы тракторлы қар тазалағыштар	0,6	1,0	1,2	жолға іргелес егістіктерге қардан қорғау орларын қазу	лек жолдарды төсеу; үлкен қалыңдықтағы қар түзілімдерін жою
Айналмалы фрезерлік-айналмалы қар тазалағыштар	0,7	бір өткенде 1,5 м дейін; қабатты игеру кезінде қалыңдығы шектелмейді		үлкен қалыңдықтағы қар басуды немесе қар жауу түзілімдерін тазарту. Қар үйінділерін жою; қар үйінділерін қар көшкінінен тазарту.	
Автогрейдерлер	0,6	0,5	0,6	орташа қалыңдықтағы қар түзілімдерін тазарту; тығыздалған қарды тазалау	айналмалы қар тазалағыштармен бірлесіп жұмыс істеу кезінде қар жалдарын тегістеу немесе толығымен жою
Бульдозерлер	0,7	бір өткенде 1 м дейін; қабатты игеру кезінде қалыңдығы шектелмейді		үлкен қалыңдықтағы қар түзілімдерін (оның ішінде қар үйінділерін)тазарту	жолға іргелес егістіктерде қардан қорғайтын орларды қазу. Тығыздалған қарды жою
Шнекороторлы қар тазалағыштар, шнекороторлар	0,6	1,5-ке дейін		қар жалдарын тазалау (оның ішінде кюветтердің үстінде орналасқандарын)	қар үйінділерін тазарту

5.3.13 Жүру бөлігін, жол жиектерін, бөлу жолақтарын, маршруттық көлік құралдарының аялдауына және демалысқа арналған алаңдарды, жаяужолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарын және т.б. қардан тазалау ГОСТ 33181 және осы Ведомстволық норматив талаптарына сәйкес көлемде және мерзімдерде жүргізіледі. Қысқы күтіп-қстау жөніндегі материалдардың құрамдас бөлігі болып табылатын технологиялық карталардың болуы механикаландырылған тәсілмен орындалатын жұмыстар үшін міндетті болып табылады.

5.3.14 Ауаның тұрақты теріс температурасы кезеңінде бөлу жолағынан қарды жинау немесе шығару қар жалының биіктігі 0,4 м-ден асқан кезде жүргізіледі, күндізгі уақытта ауаның тұрақты оң температурасы басталған кезде бөлу жолағында қар жалының болуына жол берілмейді. Қоршаулар болған кезде бөлу жолағынан қарды жинау немесе шығару қоршаулардың алдыңғы жағына дейін жүргізіледі.

Жол жиектерінен қарды жинау немесе шығару ГОСТ 33220 талаптарына сәйкес, ал қоршаулар немесе басқа кедергілер болған кезде – қоршаулардың немесе басқа кедергілердің алдыңғы жағына дейін жүргізіледі.

5.3.15 Елді мекендерде, жағалау және су қорғау аймақтарында автомобиль жолдарынан шығарылған қарды жинауға тыйым салынады.

Жиналатын қар массасының артық мөлшерін әкетуге және оны елді мекеннен тыс жерге орналастыруға, автомобиль жолының бөлінген белдеуінде біркелкі бөлуге, сондай-ақ арнайы қар қабылдау полигондарына немесе қар еріту пункттеріне әкетуге жол беріледі.

Жиналатын қар массасын бөлу жолағына орналастыру мүмкін болмаған кезде оны арнайы жинақтау алаңдарында біркелкі үлестіре отырып, жол бойындағы жолақ шегінде орналастыруға жол беріледі.

5.3.16 Қара жолдарда және қиыршық тасты қаптамасы бар автомобиль жолдарының жүру бөлігінде тығыздалған қар орамасының болуына (қалыптасуына) жол беріледі.

5.4 Жолдарды қардан тазартудың шұғыл шаралары

5.4.1 Жолдарды қардан шұғыл тазарту шаралары қар жауған кезеңде немесе жолдың жүру бөлігінде қардың қалыңдығы 5 см-ден асқан кезде жүргізіледі. Бұл ретте автомобиль жолдарын қардан тазалау шарттары 7-кестеде келтірілген арнайы қар тазалағыш машиналармен жүргізіледі. Қардан тазалаудың екі түрі бар: көлемді – патрульдік және көлемді – қар басуды тазарту.

5.4.2 Қар тазалау іс-шараларының негізі патрульдік қар тазалау болуы тиіс. Ол боран немесе қар жауған кезде бекітілген телім бойынша автомобильді соқалы қар тазалағыштардың мерзімді жүріп өтуі (патрульдеу) арқылы жүзеге асырылады.

Патрульдік қар тазалауды қардың жинақталу қарқындылығы сағатына 0,5 см-ден аспайтын шамалы боран мен қар жауған кезде, сондай-ақ көлік құралдарының қозғалысы қарқынды теләмдерде қар тазалағыштар жасағы жүргізетін жалғыз машиналар жүргізеді. Қар тазалағыштардың жұмыс жылдамдығы жолдың қашықтығына байланысты кемінде 35-40 шк/сағ. болуы тиіс, бұл жол жиектерінде қар жалдарын болдырмай жер төсемесінің шетіне қар лақтыруды қамтамасыз етеді.

5.4.3 Қар басуды аралас тәсілмен тазарту жылжу әрекетіндегі жол-пайдалану техникасы кешенін (бульдозерлер немесе тракторлы қайырмалы қар тазалағыштар) лақтыру әрекетінің машиналарымен (айналмалы қар тазалағыштармен) біріктіру жолымен жүзеге асырылады. Жолдарға зақым келтірмеу үшін оларды жамылғыға дейін жеткізіп шынжыр табанды қар тазалағыштармен тазаламау керек. Бұл жағдайда қалыңдығы 5-7 см қардың сақтандырғыш қабаты қалдырылады, оны соңғы тазалау кезінде автогрейдер алып тастайды.

5.4.4 Қар қорларын тазарту түрлі технологиялық сұлбалар бойынша жүзеге асырылады. Олар қар шөгінділерінің қуатын, қардың қозғалысының минимумын, қар тазалайтын машиналардың жұмысының қолайлы жағдайларын, сондай-ақ қолда бар техниканы ескере отырып таңдалады.

5.4.5 Қалыңдығы 0,8-1,2 м неғұрлым қуатты қар шөгінділерінде оссимметриялық диагональды тазарту қолданылады. Қар тазалау 5-10 м қысқа қар тазалағыштармен жүргізіледі, бұл ретте пайда болған қардың биік жалдары айналмалы қар тазалағыштармен жер төсемесінен тыс шығарылады, ал қалған қардың сақтандырғыш қабаты автогрейдермен қорғалады. Қар көшкінінен пайда болған қар үйінділерін тазарту да жергілікті аймақтың бедеріне байланысты әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады.

5.4.6 Беткейлердің етегіндегі аңғарлардың түбімен өтетін төмен үйінділері бар телімдерде қар шөгінділері жол төсемесіне дейін жоғарыдан төменге қарай қабат-қабатымен алынады, биіктігі 2 м және ені кемінде 1 м жиектер қалдырылады. Үйінділердің биіктігі жоғары болған кезде терең орларды үйіндінің түбіне дейін бірден тесуге болмайды. Қабатты тазарту жолағының бүкіл еніне біртіндеп өту арқылы жүзеге асырылады.

5.4.7 Жартылай ойық-жартылай үйінділердегі үйінділер қардың төменгі еңісіне қарай жылжытумен тазаланады. Бойлық бағытта үйінділер айналмалы қар тазалағыштармен екі тәсілмен тазаланады. Егер үйіндінің ұзындығы көп болса, жұмыс "орау" тәсілі бойынша орындалады. Үйіндінің ұзындығы аз болған кезде тазалау кері қайтасуыз жүргізіледі. Қар тазалағыш көлденең жазықтыққа мүмкіндігінше үлкен бұрышта көлбеу қабаттармен үйінділер жасайды.

5.4.8 Серпантинтерде жолдарды тазалау кезінде қар еңіс астында әмбебап қайырмасы бар бульдозерлермен төгіледі, ал айналмалы қар тазалағыштарды қолдану кезінде серпантин радиустарының аз болуына байланысты қар тазалау қысқа бөліктермен-қималармен жүргізіледі.

5.5 Автомобиль жолдарын қар басудан қорғау

5.5.1 Автомобиль жолдарын қар басудан қорғау немесе олардағы қар басуды азайту жер төсемесін [7] талаптарына сәйкес жобалау кезінде көзделеді және пайдаланылатын жолдар үшін тұрақты және уақытша қардан қорғау құралдарын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

5.5.2 Қардан қорғаудың тұрақты құралдарына жолға іргелес ормандар, бұталар, қоршаулар, құрылыстар және т.б. қардың жол арқылы өтуін болдырмайтын немесе азайтатын қар ұстайтын екпелер жатады.

Уақытша қардан қорғау құралдарына ағаш жолақтардан жасалған қалқандар, синтетикалық материалдардан жасалған торлар және басқа да арнайы құрылымдар, сондай-ақ қысқы кезеңде орналастырылатын қар орлары жатады.

5.5.3 Қар ұстайтын екпелерді, қалқанды және басқа да арнайы құрылымдарды, қар орларын орнату автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.5.4 Қар ұстайтын екпелер мен құрылыстарды орнату және күтіп-ұстау [7] және ҚР ЕР 218-29 сәйкес жүзеге асырылады.

5.6 Қысқы тайғақпен күресу

5.6.1 Жолда пайда болған қар-мұз түзілімдері физикалық күйі мен сыртқы белгілері бойынша 8-кестеге сәйкес келесі түрлерге (борпылдақ қар, тығыздалған қар (орама) және шыны тәрізді мұз) бөлінуі мүмкін. Тайғақтың осы түрлерімен күресу кезінде әртүрлі технологиялық операциялар мен материалдарды үлестіру нормалары қолданылады.

8-кесте – Қар-мұз түзілімдерінің физика-механикалық қасиеттері

Қар жамылғысының сипаттамасы	Тығыздығы, т/м ³	Қаттылығы, МПа	Кесуге шекті кедергісі, МПа
Өте борпылдақ, жаңа жауған	0,01-0,20	0,02	0,001
Борпылдақ, әлсіз тығыздалған, жаңа жауған, жалданған	0,22-0,30	0,02-0,10	0,005-0,01
Тығыздалмаған, жаңа жауған	0,30-0,40	0,20-0,40	0,01-0,02
Ескі, жатып қалған	0,48-0,52	0,40-0,50	0,025-0,08
Ұсақ түйіршікті көшкінді, тығыздалған орама	0,55-0,70	0,50-0,70	0,1-0,5
Қар-мұз түзілімдері (орама)	0,70-0,95	-	1,0-2,5

5.6.2 Жоғары ылғалдылықта және -5°C-қа дейінгі жер бетіндегі ауаның теріс температурасында қатпаған су диаметрі шамамен 2 мм тамшылар түрінде сақталады. Ауа неғұрлым суық болса, қатпаған бөлшектердің диаметрі соғұрлым аз болады: $t_b = -10^\circ\text{C}$ болғанда ауада сіркіреме - бөлшектердің диаметрі шамамен 0,3 мм тоңбаған бу тәрізді суы; $t_b = -30^\circ\text{C}$ болғанда бу тәрізді ылғал салқындатылған тұман түрінде болады.

5.6.3 Түзілу сипаты бойынша автомобиль жолдары бетінің тоңуының бес тобы бар.

Тайғақтықтың **бірінші тобына** жататын шыны тәрізді жұқа мұз түзілімдерінің жылдамдығы жол төсемелерінің қабаттарындағы және жер төсемесінің денесіндегі жылу алмасу үдерістеріне байланысты. Сонымен қатар, жол құрылымдарындағы жылу алмасу үдерісі неғұрлым жоғары болса, олардың денесінде ылғалдың қатуы солғұрлым баяу жүреді. Мұндай жағдайларда мұз түзілу қабатының қалыңдығы 1 мм-ден 2-3 см-ге дейін өзгереді және кедір-бұдыр құрылымына, жамылғылардың тегістігіне, сондай-ақ жамылғы бетінің үстіндегі судың (ылғалдың) көлеміне байланысты. Тайғақтықтың бұл түрі өте төмен ілінісу коэффициентімен (шамамен 0,08-0,15), шыны тәрізді мұздың біркелкілігімен және оның жамылғы аймағында пайда болу құрылымымен сипатталады. Тайғақтықтың бұл түрінің тығыздығы 0,9 т/м³ дейін жетеді.

Екінші топқа ауадан су буының кристалдануы және шық температурасынан төмен жабындарды радиациялық салқындату кезінде аяздың пайда болуы нәтижесінде құрғақ бетінде пайда болатын тайғақ түрлері жатады. Аяздың пайда болуының температуралық диапазоны -7°C-тан -40°C-қа дейін өзгереді. Аяздың пайда болуы ауаның салыстырмалы ылғалдылығында 80% - 100% ашық, желсіз ауа-райында мүмкін, онда теріс жылу балансы болады. Бұл ретте, жауын-шашын жоқ.

Үшінші топқа судың қату температурасынан төмен салқындатылған жамылғыға түсетін жауын-шашын қатқанда пайда болатын тайғақ түрлері жатады, нәтижесінде қатты қонба пайда болады. Қонба түйіршікті және мұзды болып бөлінеді. Түйіршікті қонба ерудің басында тұманнан ылғалдың гипотермиялық жамылғысы қатқан кезде пайда болады, беті кедір-бұдырлы мұз қабығы пайда болады. Мұзды қонба ауа температурасы минус 2°C-3°C-тан жоғары болған кезде су тамшыларының қысқа мерзімді жаңбыр немесе салқын жамылғыда жаңбыр кезінде қатып қалуынан пайда болады. Ұзақ жаңбыр жамылғының жоғарғы қабаттарының жылынуына алып келеді және су тамшылары қатып қалмайды.

Төртінші топқа жамылғыға аса суық ылғал тамшылары түскен кезде пайда болатын түзілімдер жатады. Құрғақ немесе дымқыл жамылғыдағы сұйық фаза жер үсті қабатынан аса суық сұйықтық тамшыларының түсуіне байланысты пайда болады. Суық сіркіреме -

10°C дейін пайда болады. Аса суық тамшылардың температурасы олардың диаметріне байланысты -1°C-тан -10°C-қа дейін өзгеруі мүмкін.

Бесінші топты жамылғыда қар қабатының тығыздалуынан пайда болатын тайғақ түрлері - жасанды тайғақ, яғни, қар орамасы құрайды. Қар қозғалатын көлік құралының дөңгелектерінің әсерінен өзінің физикалық сипаттамаларын (тығыздығын, беріктігін) өзгерту қасиетіне ие. Қар орамасының пайда болу үдерісі үш кезеңнен тұрады:

- қардың механикалық тығыздалуы, нәтижесінде тығыздығы 0,35-0,5 т/м³ орама пайда болады. Бұл ретте доңғалақтың жамылғымен ілінісу коэффициенті 0,20-0,25 жетуі мүмкін;

- бетте мұздың біртіндеп қалыптасуы ораманың жоғарғы өабатының мезгіл-мезгіл қатуы және еруі нәтижесінде пайда болады. Судың жұқа қабықшасы көлік құралының дөңгелектерінің тығыздалған қардың бетіне үйкелуінен пайда болады, содан кейін қар шөгінділерінің үлкен жылу сыйымдылығына байланысты мұзға кристалданады. Мұндай түзілімнің тығыздығы - 0,6-0,65 т/м³;

- орамның тығыздығы 0,9 т/м³ дейін тұтастай мұзға айналғанға дейін одан әрі тығыздалуы және қатуы. Ілінісу коэффициенті 0,1-0,15 дейін төмендейді.

5.6.4 Қысқы тайғақтың жою үшін ауа температурасы мен жамылғының күйіне байланысты [4], ГОСТ 33387 және осы Ведомстволық норматив талаптарына сәйкес КҚМ қолданылады. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы қысқы тайғақтың негізгі түрлері мен сипаттамалары осы Ведомстволық нормативтің Г қосымшасында келтірілген.

5.6.5 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезінде қысқы тайғақтың жою үшін химиялық, химиялық-фрикциялық және фрикциялық тәсілдері қолданылады.

Қысқы тайғақ пайда болған кезде:

- химиялық материалдардың көмегімен қар-мұз түзілімдерін еріту;
- жол жамылғыларынан және нығайтылған жол жиектерінен қар мен мұз түзілімдерін кетіру;

- қар-мұз түзілімін (орама) орама бетімен көлік құралдары дөңгелектерінің ілінісу сапасын арттыру үшін фрикциялық материалдарымен өңдеу.

5.6.6 Елді мекендер шекарасында өтетін автомобиль жолдарында қысқы тайғақтың күресудің химиялық тәсілін пайдалану кезінде кальций хлориді (техникалық тұз) негізіндегі химиялық реагенттер және құрамында натрий хлориді жоқ басқа да мұзға қарсы реагенттер мен материалдар қолданылады. Ауа температурасына байланысты химиялық реагенттерді үлестіру нормалары 5.10-тармақта келтірілген.

Елді мекендер жерлерінде [4] сәйкес көктайғақпен күресу үшін ас тұзын пайдалануға тыйым салынады.

5.6.7 **Химиялық әдіс** қысқы тайғақты борпылдақ қар мен қар орамасын жою үшін, сондай-ақ осы Ведомстволық нормативке сәйкес профилактикалық өңдеу үшін қолданылуы мүмкін.

Қысқы тайғақпен күресу үшін физика-химиялық сипаттамалары бойынша жарамды КҚМ құрамына мыналар кіреді:

- қатты-ас тұзы және сильвинит үйінділерінің тұзы түріндегі хлорлы натрий, қабыршақты хлорлы кальций, фосфатталған хлорлы кальций (бұдан әрі – ФХК);

- қабыршақты бишофит;

- 85% - 88% (салмағы бойынша) қабыршақты кальций хлориді немесе ФХК немесе бишофиттен тұратын тығыздалмайтын қоспа, кальций зертас нитраты (бұдан әрі - КЗН), зертас (карбамид);

- сұйық-табиғи жерасты, жасанды, көл, өнеркәсіп қалдықтары.

5.6.8 Химиялық заттардың еру үдерісі жылу құбылыстарымен бірге жүреді. Әр түрлі заттардың еруіндегі жылу әсері айтарлықтай ерекшеленеді, мысалы, ас тұзы NaCl еріген кезде реакция эндотермиялық (теріс), яғни жылу сіңірумен жүреді. Бұл натрий хлоридінің

мұзға алғашқы әсері кальций хлоридімен немесе магний хлоридімен салыстырғанда біршама баяу болатындығын түсіндіреді, онда еру реакциясы экзотермиялық (оң) және көп жылу шығарумен жүреді (9-кесте). Жылу бастапқы материалдардың салқындауына қарсы тұрады және мұздың еру қарқындылығын арттырады (MEMST 7759, MEMST 450, ГОСТ 4233).

9-кесте – Көктайғаққа қарсы химиялық реагенттердің түрлері және олардың физикалық қасиеттері

Тұздың атауы	Химиялық формуласы	Эвтектика температурасы t_3 , °C	Эвтектиканың шоғырлануы, C_3 , %	Стандартты жағдайларда жылу беру, кДж/г
Хлорлы натрий	NaCl	-21,2	23,3	-0,0049
Алты еселі (алты сулы) кальций хлориді	CaCl ₂ ·6H ₂ O	-49,8	30,5	+0,0387
Алты сулы хлорлы магний (бишофит)	MgCl ₂ ·6H ₂ O	-33,6	20,6	+0,0040
Зэртас (карбомид)	(NH ₂) ₂ CO	-14,6	30	-0,0043
Аммоний ацетаты (көміркышқылды аммоний) («Антиснег-1»)*	NH ₄ CH ₃ COO	-44,9	29,6	+0,0232
Магний ацетаты	(CH ₃ COO) ₂ ·Mg·4H ₂ O	-	-	+0,0211
Натрий сульфаты	Na ₂ SO ₄ ·10H ₂ O	-1,2	4,0	-0,0050

5.6.9 Химиялық-фрикциялық әдіс осы Ведомстволық нормативке сәйкес қолданыстағы әмбебап үлестіргіштердің үлестірудің ең төменгі паспорттық нормалары туралы деректерді ескере отырып, ауа температурасы минус 15°C дейін болған кезде ГОСТ 33387 бойынша қысқы тайғақтықты жою үшін қолданылады.

5.6.10 Химиялық реагенттерді, әдетте хлорлы тұздарды құммен немесе басқа фрикциялық материалдармен араластырған кезде олардың кату күші төмендейді және қоспасы бос, борпылдақ күйде, тиеуге және жолдарда біркелкі үлестіруге ыңғайлы етіп сақталады.

5.6.11 ҚТҚ пайыздық қатынасы 20% : 80% аралығында өзгереді және қоспаның материалдарына байланысты зертханалық жағдайда анықталады.

5.6.12 Фрикциялық әдіс қозғалыс қарқындылығы 3000 авт/тәул. аспайтын автомобиль жолдарындағы мұзды жамылғылардың ілінісу сапасын арттыру үшін және оның бетінде қар-мұз орамы мен басқа түзілімдер болған кезде қолданылады. Фрикциялық материалдар ретінде КҚМ ГОСТ 33387 талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін құм, еленді, қож, қыздырылған фрикциялық материалдар қолданылады. Бұл әдіс абразивті материалдардың болуына байланысты жамылғылардың ілінісу сапасын (ілінісу коэффициентін) уақытша арттырады. Жамылғыларды қайта және алдағы өндеу фрикциялық материалдардың 50% жүру бөлігінен ығысқан кезде жүзеге асырылады. 200 г/м² астам үлестіру нормалары екі қайта жүзеге асырылады.

5.6.13 Фрикциялық материалдарының қар-мұз түзілімдерінің бетіне жақсы орнығуы үшін олар 80°C-тан 100°C-қа дейінгі температураға дейін алдын ала қыздырылады және мұзды жамылғыға үлестіріледі.

5.6.14 Қысқы тайғақтықты жою автомобиль жолдарының барлық бойында, олар бойынша қысқы күтіп-ұстауға арналған жол-пайдалану техникасының жүріп-тұруына қарай жүргізілуі тиіс. Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары үшін олардың пайдалану жағдайына қойылатын талаптардың 4-5 деңгейлері маршруттық көлік құралдарының тұрақты қозғалысы болмаған кезде бірінші кезекте қауіпті телімдерде қысқы тайғақтықты жоюды жүзеге асыруға жол беріледі.

Ескертпе - автомобиль жолдарының қауіпті телімдеріне бойлық еңістері көп, ал қисық радиустары планда [7] талаптарынан аз, бір деңгейдегі қиылыстар шегінде орналасқан, маршруттық көлік құралдарының аялдамалары шегінде орналасқан елді мекендер арқылы өтетін, көпірлердегі, жол өтпелеріндегі және төтенше тежеу қажет болуы мүмкін басқа да жерлердегі телімдер жатады.

5.6.15 Егер қар жамылғыдан уақтылы шығарылмаса және температураның күрт төмендеуі кезінде қалыңдығы 1 см-ге дейін қар-мұз түзілімдеріне (орама) айналса, онда ауа температурасы -15°C-қа дейін болғанда, КҚМ 5.8-тармақта айқындалған үлестру нормаларына сәйкес ГОСТ 33387 бойынша қолдану қажет.

5.6.16 КҚМ қойылатын талаптар ГОСТ 33387 сәйкес болуы тиіс.

5.7 Қысқы тайғақтың пайда болудың алдын алу

5.7.1 Жүру бөлігінің жетілдірілген жол жамылғыларын (жол жиектері мен бөлу жолақтарының нығайтылған жолақтарын қоса алғанда) КҚМ профилактикалық өңдеуді ауа температурасы минус 5°C дейін болғанда натрий хлоридін 35 г/м² орташа үлестіру нормасымен, ауа температурасы минус 5°C-тан минус 10°C-қа дейін болғанда 60 г/м² нормасымен жүргізу қажет:

- аса суық жамылғыға жаңбырдың түсуі;
- ауа температурасының күрт төмендеуі (оң температурадан минус 1°C және одан аз) және дымқыл жамылғы немесе жаңбырдың басталуы;
- қатқақ;
- қырау;
- жол жамылғысында көктайғақтың пайда болуы.

5.7.2 Қар түрінде жауын-шашын болған кезде және қар-мұз түзілімдері (орама) болмаған кезде КҚМ жол жамылғысын профилактикалық өңдеу осы Ведомстволық нормативтің талаптарына сәйкес қар жауа бастағаннан бастап жүргізіледі.

5.8 Көктайғаққа қарсы химиялық реагенттерге және оларды қолдануға қойылатын технологиялық талаптар

5.8.1 Химиялық әдістің айтарлықтай дәрежеде тиімділігі оны қолдану технологиясына байланысты және ҚР ЕР 218-21 сәйкес келуі керек.

5.8.2 Қысқы тайғақты химиялық әдіспен жою жөніндегі жұмыстарды ол пайда болған кезде бірден бастау қажет. Жұмыстар жергілікті метеорологиялық жағдайлар мен жол төсемесінің жай-күйін ескере отырып орындалады. Атап айтқанда, ауа температурасы, тайғақ түрі және жолдағы шөгінділер қабатының қалыңдығымен анықталады. Бұл деректер негізінен химиялық заттарды үлестіру жылдамдығын анықтау үшін қажет.

5.8.3 Жол жамылғысында 5 см-ден астам қар қабатының тез пайда болуына әкелетін қарқынды қар жауған кезде, химиялық әдісті қолдану мүмкін емес, әсіресе кристалдар бір-

бірімен жанасқанда қатып қалмайтын жеке сынғыш мұздан тұратын құрғақ қар жауған кезде, олар оңай сынады және желмен қозғалады. Сондықтан олардан пайда болған қар қабаты қозғалатын көлік құралдарының әсерінен тығыздалмайды, бұл әдетте төмен температурада байқалады. Бұл жағдайларда химиялық реагенттерді қолдану оң нәтиже бермейді.

5.8.4 Егер қар жауған кезде ылғалды немесе жабысқақ қар үлкен, көбінесе бір-біріне жабысатын қабыршақ тәрізді қар ұшқындары түрінде түссе, онда көлік құралының дөңгелектерінің тығыздағыш жүктемесінің әсерінен мұндай қар тез басылып, қар-мұз қабығына айналады. Тығыздалу үдеріс әсіресе қарқынды қозғалыста жүреді (3000 авт/тәул.). Мұндай жағдайларда қарды соқалы-сілтілі қар тазалағыштармен тазалау тиімсіз болуы мүмкін, себебі тазалаудан кейін жол бетінде тығыздалған қар қабаты қалады, ол тез қарлы-мұзды орамға айналады. Бұл жағдайларда химиялық әдіске көшу ұтымды.

5.8.5 Химиялық реагенттерді қолданудың технологиялық әдісі әр жағдайда қысқы тайғақ пайда болған нақты жағдайларды және қар-мұз шөгінділерінің түрін ескеру негізінде таңдалады. Егер сұйық ылғалдың қатуы нәтижесінде жол жамылғысында жұқа мұз қабықшасы түрінде мұз пайда болса, онда Қазақстан Республикасының оңтүстік және оңтүстік-батыс өңірлері үшін мұздың барлық массасын ерітетін сұйық ерітінділер түріндегі реагенттерді қолдану неғұрлым тиімді болып табылады. Қазақстан Республикасының солтүстік, шығыс және солтүстік-батыс өңірлері үшін ұсақ түйіршікті тұздарды немесе қабыршақты кальций хлоридін пайдалану тиімді. Ірі түйіршікті тұз бұл мақсаттар үшін жарамсыз, себебі ірі түйірлер баяу ериді және қозғалатын көлік құралдарының дөңгелектерімен жолдың бүйіріне оңай лақтырылады немесе желмен ұшырылады.

5.8.6 Қар-мұз түзілімін (орама) кетіруде технологиялық үдеріс мынадай операциялардан құралады:

- 1) орама беті бойынша химиялық заттарды үлестіру;
- 2) реагенттерді қопсытатын қар-мұз түзілімдерімен қозғалатын көлік құралдарының дөңгелектерімен араластыру кезінде ұстау;
- 3) жолдың жүру бөлігінде пайда болатын ылғалданған ботқа тәрізді (күйдірілген) қар массасын соқалы-щеткалы қар тазалағыштармен тазалау.

5.8.7 Жаңа жауған қардың оралған қабаты толығымен ерімейді, тек жамылғы механикалық тазалау мүмкін болатын күйге дейін қопсытылады. Тұз ерітіндісі кристалдардың бетін сулау кезінде кеуектер арқылы қар-мұз қабатына терең еніп, оларды ішінара ерітеді, нәтижесінде кристаларалық байланыстар бұзылады, бұл өз кезегінде құрылымы бұзылған шөгінділердің пайда болуына әкеледі.

5.8.8 Жолдың жүру бөлігінде пайда болған қар-мұз түзілімдерін (орама) заманауи қар тазалау техникасымен толығымен алып тастау іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан, мұндай шөгінділердің бетіне енгізілген химиялық реагент олардың ішкі ілінісу күштерін әлсіретеді және осылайша қату күштерін төмендетеді, яғни кесуге төзімділікті төмендетеді.

5.8.9 Профилактикалық әдіспен қарға енгізілетін реагенттердің саны жолдың жүру бөлігіне түскен қар мөлшерінен 100-1000 есе аз болуы тиіс. Осы мақсаттар үшін кристалды заттарды қардың ылғалдылығына байланысты 40-65 г/м² үлестіру қажет және қар қабатының қалыңдығы 40 мм-ге дейін бөлуы жеткілікті.

5.8.10 Жаңа жауған қарды тазалау кезінде хлоридтерді пайдалану тайғақтықпен күресудің алдын алу шарасы болып табылады. Тиісті технологияны сақтай отырып, жоғары сапалы қар тазалауға қол жеткізуге болады.

Бұл жұмыстардың негізгі технологиялық кезеңдері:

- қар жауудың басынан бастап жаңа жауған қар қабатының биіктігі шамамен 5 мм дейін сақтау;
- КҚМ үлестіру;

- реагенттерді жүріп бара жатқан көлік құралдарымен қарға араластыру мақсатында ұстау;

- реагенттермен қопсытылған қарды кетіру.

5.8.11 Осы технологиялық процестің бастапқы кезеңі болып табылатын ұстау реагенттерді жақсы кіріктру және оларды тезірек еріту үшін, сондай-ақ бос ерітінділердің пайда болуын болдырмау үшін қардың жұқа қабатын жасау қажеттілігін көздейді. Жаңа жауған қар қабатының минималды биіктігі шамамен 5 мм болуы керек екендігі анықталды. Қардың қарқындылығы 0,5 мм/сағ (суға есептегенде), мұндай биіктіктегі қар қабаты көбінесе 30-45 минут ішінде пайда болады, үлкен қарқындылықта ол тез өседі. Осыған байланысты қардың қарқындылығына және қар қабатының ұлғаю жылдамдығына байланысты ұстау ұзақтығы 15 минуттан 45 минутқа дейін өзгереді.

5.8.12 Егер қардың қарқындылығы 1 мм/сағ аспаса, онда тазалауды хлоридтер себілгеннен кейін 2-4 сағаттан кейін бастау керек, ал қалың қар кезінде қар химиялық өңдеуден кейін көп ұзамай тазаланады. Бұл жұмыс тәртібі қар тоқтағанша сақталады.

5.8.13 Реагенттермен өңделген қарды түнде қалдыруға қатаң тыйым салынады. Ауа температурасының төмендеуімен ерітінділерге малынған қар қатып қалуы мүмкін, содан кейін оны жою жұмыстары күрделене түседі.

5.8.14 Қарға реагенттерді енгізу нормалары қоршаған ортаның температурасына және қардың қарқындылығына байланысты. Осы деректерді ескере отырып қар тазалаудың технологиялық үдерісі үш режимге бөлінеді:

I режим - қардың қарқындылығы 0,5-1 мм/сағ. (суға есептегенде);

II режим - қардың қарқындылығы 1-3 мм/сағ.;

III режим - қардың қарқындылығы 3 мм/сағ. жоғары.

5.8.15 IV-V жол-климаттық аймақтарда тайғақтыққа қарсы күресте химиялық реагенттерді қолдануға қойылатын технологиялық талаптар:

- реагентті үлестіру уақыты мен қардың түсу ұзақтығын қатаң бақылау;

- химиялық реагенттерді үлестіруге дейін тайғақтық түрін және қар-мұз түзілімінің жай-күйін шұғыл анықтау;

- толық механикаландырылған тазартуды немесе қар жауған жағдайда II-III жол-климаттық аймақта 3-5 сағаттан кейін және IV-V жол-климаттық аймақтарда 2-4 сағаттан кейін қайта себуді жүзеге асыру;

- механикаландыру болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда профилактикалық әдіс қолданылмайды;

- автомобиль жолдары мен қала көшелерінің жүру бөлігіне қолмен себуге жол берілмейді;

- аапттық әдіс механикаландырылған тазалаудың технологиялық мүмкіндігі шектелген (өтудің болмауы және т. б.) немесе ол болмаған кезде ерекше жағдайларда қолданылады, бұл ретте өңделетін телімнің ұзындығы 1 шқ-нан аспауы тиіс;

- ҚТҚ құрамы мен аралас материалдардың құрамы қатаң рецепт бойынша дайындалады;

- сұйық химиялық реагенттерді дайындау кезінде реагенттің түріне және оны үлестіру нормасына сәйкес ерітінділердің шоғырлануын қатаң сақтау қажет (осы Ведомстволық нормативтің Д қосымшасы).

5.8.15 Тәуліктік ауа температурасының үлкен айырмашылығы және салыстырмалы ылғалдылықтың төмен деңгейі әрдайым орынды бола бермейтін және 10-кестеде келтірілген жол-климаттық аймақтарда химиялық реагенттерді қолдану.

10-кесте – Қазақстан Республикасының III-V жол-климаттық аймақтарының жағдайларында қолданылатын көктайғаққа қарсы химиялық реагенттерді үлестіру нормалары

Іс-шаралар	Үлестіру нормалары		
	Алдын алу	Апаттық	Аралас
Үлестіру нормасы г/м ²	II-III аймақтарда – 15-35; IV-V аймақтарда – 35-50, жауын-шашын 1 мм болғанда; Қазақстанның солтүстік және шығыс бөліктерінде -10С төмен болғанда ұсынылмайды	II-III аймақтарда – қолданылмайды; IV-V аймақтарда – 350-450, жауын-шашын 1 мм болғанда;	а) ҚТҚ құрамында (88:12) – 300-350; б) түрлі реагенттердің құрамымен 35-55, жауын-шашын 1 мм болғанда
Қолдану саласы	Тар жердерде (тік түсулер, қауіпті бұрылыстар және т.б.); қиылыстар аймағында, көмекші телімдерде; жаяужолдарда; қоғамдық көлік аялдамалары аймағында	Жер үсті және бүйірлік ағындар қамтамасыз етілген магистральдық көшелердің телімдерінде; реттелетін қиылыстың аймағында; N>900 жаяу жүргіншілер жолдарында; автомагистральдар мен жүрдек жолдардың тар жерлерінде	а) қиылыстарда ҚТҚ құрамында; N=500-3000 авт/тәул. жолдарда; N<900 жаяу жүрг./сағ. жаяужолдарда; фрикциялық материалдарды қалқаның астында сақтағанда; б) профилактикалық әдіс секілді
Қолдану саласы	Темір жол көпірлері мен өтпезолдардың жүру бөлігінде; тоннельдерге кіреберістерде; т/ж өткеліне кіреберістерде; трамвай жолы төселген жолдарда; жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдерінде	Жер үсті және бүйірлік ағындар қамтамасыз етілген жол телімдерінде; N<450-500 авт/сағ. жолдарда; жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдерінің бетінде; тоннельдерге кіреберістерде; темір бетон көпірлер мен жол өтпезолдардың жүру бөлігінде; трамвай жолдарында; теміржол өткелдеріне кіреберістерде	ҚТҚ III техникалық санаттағы жолдарда; магистральдық және жүрдек көшелердің көмекші теләмдерінде; темірбетон көпірлер мен өтпезолдардың жүру бөлігінде; трамвай жолы төселген жолдарда қолдануға болмайды

5.8.16 Химиялық реагенттерден сұйық ерітіндіні дайындау технологиясы.

5.8.16.1 Хлорлы натрийдан (немесе басқа тұздардан) сұйық химиялық ерітінділерді (тұзды ерітінділерді) дайындау алдында мынадай жұмыс түрлері орындалады:

- қолданылатын реагенттердің сертификаттық (құжаттамалық) сапасын тексеру;
 - зертханалық жағдайда материалдың ірілігін бағалай отырып, реагентке елеуіш талдауын жүргізу;
 - ірі бөлшектерді (диаметрі 0,315 мм-ден асатын) алдын-ала ұсақтау.
- Кәсіпорындардағы бұл операция тас материалдарын ұнтақтауға арналған ұсатқыштардың көмегімен жүзеге асырылады;
- дайындалған құрғақ реагентті 5% дейінгі дәлдікпен таразыда алдын ала өлшеу.

5.8.17 Қар-мұз түзілімдеріне химиялық реагенттерді апаттық әдіспен үлестіру кезінде мынадай технологиялық операцияларды орындау қатаң сақталуы тиіс:

- 1) реагентті тиісті норма бойынша үлестіру;
- 2) ұстау;
- 3) қар-мұз түзілімдерінің жай-күйін бақылау (жамылғы үстіндегі мұзды бұзу);
- 4) жүру бөлігінен қар массасын соқалы-щеткалы қар тазалағыштармен (немесе грейдерлермен) тазалау және қар жалының пайда болуы;
- 5) көлік құралдарына қар массасын тиеу;
- 6) тұздалған қарды қар қабылдау полигондарына немесе қар еріту пункттеріне апару;
- 7) тұздалған қар-мұз түзілімдерін тазарту және жою.

5.8.18 Осы Ведомстволық нормативтің Е қосымшасында КҚМ дайындау және сақтау бойынша ұсынымдар берілген.

5.9 Фрикциялық көктайғаққа қарсы материалдарды пайдалануға қойылатын технологиялық талаптар

5.9.1 Ілінісу коэффициенті (ϕ) фрикциялық материалдарды үлестіргеннен кейін жол жамылғыларының көліктік және пайдалану қасиеттерін сипаттайтын негізгі шамалардың бірі болып табылады.

5.9.2 Фрикциялық КҚМ ретінде ірі түйіршікті құм, ұсақ қиыршық тас, қож материалдары, тас материалдарының қалдықтары және т. б. пайдаланылады, олардың қажетті ірілік модулі $0,315 \leq d < 7$ мм. Сазды және шаңды бөлшектердің мөлшері материалдың жалпы көлемінің 5% аспауы қажет

5.9.3 Үйінділердегі отын қождары әдетте түйіршіктік құрамы бойынша әркелкі болып келеді. Олардың құрамында көбінесе әртүрлі мөлшердегі және пішіндегі беріктігі төмен бөліктер түріндегі борпылдақ материалдар болады. Отын қожының тығыздығы $0,6-0,8$ т/м³. Отын қождарының айтарлықтай кеуектілігі жоғары суды ұстап тұру қабілетіне ие. Ылғалды жағдайда олар КҚМ ретінде жарамсыз. Сондықтан оларды ылғалдылығы жоғары аймақтарда (Қазақстан Республикасының оңтүстік және батыс өңірлерінде) пайдалану ұсынылмайды.

5.9.4 Экологиялық қауіпсіздік бойынша сапа сертификатынсыз қожды КҚМ КҚМ ретінде пайдалануға жол берілмейді.

5.9.5 Сусымалы материалдардың тиімді әсер ету уақыты көбінесе олардың түйіршіктік құрамына байланысты. Түйірлері $d < 0,315$ мм минералды материалдардан алынған КҚМ тиімді әсер ету уақыты 2500-3000 авт/тәул. қозғалыс қарқындылығы кезінде ілінісу коэффициентінің қауіпсіз көрсеткішін ($\phi=0,4$) ескере отырып, небәрі 9 минутқа дейін созылады. Түйірлері $d=0,315-5$ мм - 33 мин, $d>5$ мм дәл осындай қозғалыс қарқындылығымен - шамамен 40 минут.

5.9.6 Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі тұрғысынан қалалық қозғалыс жағдайында $d>5$ мм түйірлерін қолдану өте қауіпті. Бұл түйірлер жол бойымен жүретін жаяу жүргіншілерді жарақаттауы немесе қозғалатын көліктің артына механикалық зақым

келтіруі мүмкін. Алайда, $d < 0,315$ мм түйірлер ілінісу сапасы бойынша ғана тиімсіз болып қалмай, сонымен қатар шаңдану көзі болып табылады (әсіресе үлестіру кезінде).

Жиі қолданылатын фрикциялық материалдарының физика-механикалық қасиеттері және олардың нақты жарамдылығы 11-кестеде келтірілген.

5.9.7 Алдын ала қыздырылған фрикциялық материалы 1500-3000 авт/тәул. қозғалыс қарқындылығымен автомобиль жолдарының мұзды жамылғысының ілінісу сапасын арттыру мақсатында пайдаланылады. Оның әсер ету ұзақтығы материалды жылытудың бастапқы температурасына, құм таратқыштың корпусын оқшаулауға және жүк тасымалдау қашықтығына байланысты. Фрикциялық материалдарының мөлшері $0,63 \leq d < 7$ мм аспауы керек.

Фрикциялық материалдарының ұсынылатын бастапқы қыздыру температурасы 12-кестеде келтірілген. Құмды қыздыру үдерісі асфальтбетон зауытының кептіру барабанында жүзеге асырылуы мүмкін.

11-кесте – Фрикциялық материалдың физика-механикалық қасиеттері және олардың қолдануға нақты жарамдылығы

Материал		Материалдың ылғалдылығы, %	Тығыздығы, т/м³	Жарамдылық коэффициенті
Өзен құмы:	ірі	0	1,50	K _{np} = 0,60-0,65
		5,5	1,24	
		13,9	1,78	
	ұсақ	0	1,46	K _{np} = 0,75-0,85
		4,3	1,50	
		15,6	1,60	
2. Кірпіш үгіндісі		0	1,80	K _{np} = 0,50-0,65 ылғал күйінде жарамсыз
3. Мәрмәр үгіндісі		-	2,70-2,80	K _{np} = 0,75-0,85
4. Кварц құмы		1,0	1,32	K _{np} = 0,65-0,80
		5,0	1,52	
		10,0	1,80	
5. Отын қождары		0,7	0,60-0,80	K _{np} = 0,40-0,50 ылғал күйінде жарамсыз
6. Қиыршық тас		-	1,84	K _{np} = 0,65-0,75
7. Тас материалдардың қалдықтары		-	1,85-2,20	K _{np} = 0,80-0,85
Ескертпе – Экологиялық тұрғыдан жарамдылық коэффициентін анықтау кезінде, d<0,315 мм және d>7 мм түйірлері ескерілмейді.				

12-кесте – Фрикциялық материалдарды қыздырудың бастапқы температурасы

Тасымалдау ұзақтығы, мин	Бастапқы қыздыру температурасы, + °C			
	құм таратқыштың корпусын батырмай		құм таратқыштың корпусын батырып	
	құм үшін	қож үшін	құм үшін	қож үшін
0	102	100	98	98
20	126	120	107	107
40	144	139	115	112
60	-	-	120	116
80	-	-	130	127
100	-	-	141	137

5.10 Көктайғаққа қарсы химиялық материалдарды үлестірудің техникалық ережелері мен нормалары

5.10.1 Химиялық реагенттерді таңдағанда ауаның салыстырмалы ылғалдылығын ескеру қажет, себебі бұл химиялық реагенттердің еру жылдамдығына айтарлықтай әсер етеді. Қазақстан Республикасының әртүрлі географиялық нүктелеріндегі ауа температурасы бірдей болған кезде ауаның салыстырмалы ылғалдылығы әртүрлі шектерде ауытқуы мүмкін, мысалы, ауа температурасы -5°C болғанда, Қазақстан Республикасының шығыс бөлігіндегі салыстырмалы ылғалдылық 62% - 67%, солтүстік бөлігінде – 56% - 60%, оңтүстік бөлігінде – 82%-89% және оңтүстік-батыс бөлігінде - 80% - 85% шегінде ауытқиды.

Қазақстан Республикасының солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктері сияқты салыстырмалы түрде қатаң қысқы жағдайларда хлоридтерді қолдану (CaCl₂ қоспағанда) келесі себептер бойынша әрқашан қажетті нәтиже бермейді: қармен баяу әрекеттесу, қысқа әсер ету ұзақтығы және құнының жоғарылығы.

Қазақстан Республикасының IV-V климаттық аймақтарының жағдайларына ұқсас АҚШ пен Канаданың әртүрлі штаттары мен облыстарында 13 және 14-кестелерде келтірілген қар тазалау жұмыстарын жүргізу кезінде хлоридтер шығындарының сараланған нормалары белгіленген.

13-кесте – АҚШ-тың кейбір штаттарында хлоридті тұтыну стандарттары

Штат	Екі жолақты жолдың 1 шқ келетін тұз мөлшерінің ұсынылатын нормативі, кг	Реагенттерді қолдану нормасы г/м ²
Огайо	115-117	18-27
Майн	115	18
Коннектикут	155	25
Вермонт	171	27
Массачусетс	200	32
Пенсильвания	142-171	27

14-кесте – Канаданың ұсынымдары бойынша реагенттерді үлестіру нормалары

Температура, ауа-райы және жол жағдайы	Реагенттерді қолдану нормасы, г/м ²
-1 ⁰ С, қар аралас жаңбыр	10-20
-1 ⁰ С төмен, қар, қар аралас жаңбыр	25
-7 ⁰ С, құрғақ қар	Тұзды қолдану ұсынылмайды
-7 ⁰ С, түнгі температура, күндіз батпақ, аязды жаңбыр	25-33
-12 ⁰ С, жолда тығыздалған қар мен жұқа мұз қабаты бар	25
-17 ⁰ С	Тұзды қолдану ұсынылмайды
Ескертпе - Канадада жарияланған ұсынымдар бойынша натрий хлоридін пайдалану шарттары 1 ⁰ С-тан 12 ⁰ С-қа дейінгі температурамен шектеледі.	

5.10.2 Салыстырмалы түрде төмен ауа температурасында (-18⁰С дейін) ең аз үлестіру тығыздығында (35 г/м² дейін) реагенттерді енгізу қардың қасиеттерінің өзгеруіне, яғни ішкі үйкеліс (tgφ) және ілінісу (C) коэффициенттеріне әсер етпейді.

5.10.3 Үлестіру тығыздығы 15 г/м² - ден 35 г/м²-ге дейін, ауа температурасы -8⁰С - 10⁰С және салыстырмалы ылғалдылығы 56% - 62% аз белсенді емес (эндотермиялық) химиялық реагенттерді пайдаланған кезде т шамасы төмендемейді.

5.10.4 Хлорлы тұздардың ішінде еру қабілеті бойынша ең белсенді реагент магний хлориді (MgCl₂) болып табылады.

5.10.5 Қатты химиялық материалдарды үлестіру қар жауа бастағаннан кейін ("қар астында"), жамылғының бетінде қалыңдығы 5 мм-ге дейін жамылғының бетіне кристаллдардың енуіне ықпал ететін борпылдақ қар қабаты пайда болған кезде басталады (жабысқақ болған кезде химиялық реагенттер қолданылмайды)

5.10.6 Фрикциялық материалдарды үлестіру нормалары қозғалыс жағдайларын, жолдың пландағы және бейіндегі ерекшеліктерін, қысқы тайғақ түрлері мен қолданылатын материалдардың физика-механикалық қасиеттерін ескере отырып тағайындалады:

- бойлық еңісі 20%-ға дейінгі түзу телімдер үшін - 150-200 г/м²;
- қар-мұз түзілімдерінде - 200-250 г/м² (бұл ретте қож, кірпіш үгіндісі, ұшпа күлдер және т. б. сияқты беріктігі төмен фрикциялық материалдарды пайдалануға жол берілмейді);
- бойлқ еңісі 20%-дан асатын телімдерде, қиылыстарға, көпірлерге және басқа да жол құрылыстарына кіреберістерде, сондай-ақ қозғалыс жағдайлары бойынша шұғыл тежеу қажеттілігі жиі туындайтын жерлерде тұтыну нормасы 250-300 г/м² дейін ұлғайтылады;
- 500 г/м² дейінгі шыны тәрізді көктайғақ шөгінділерінде (сондай-ақ беріктігі төмен материалдарды пайдалану ұсынылмайды).

Беріктігі төмен материалдарды (қож, күл, кірпіш үгінділері және т.б.) үлестіру нормалары кварцты ірі түйіршікті құмнан 1,35 - 1,5 есе жоғары болуы керек.

5.10.7 Химиялық реагенттерден сұйық ерітінді дайындау технологиясы. Натрий хлоридінен (немесе басқа тұздардан) сұйық химиялық ерітінділерді (тұзды ерітінділерді) дайындамас бұрын келесі жұмыс түрлері орындалуы керек:

- қолданылатын реагенттердің сертификаттық (жұжаттамалық) сапасын тексеру;
- зертханалық жағдайда реагентке электік талдау жүргізу және материалдың ірілігін анықтау;
- ірі бөлшектерді алдын-ала ұнтақтау (диаметрі 0,315 мм-ден асатын). Бұл операция тас материалдарын ұнтақтауға арналған ұсатқыштардың көмегімен жүзеге асырылады;
- дайындалған құрғақ реагент таразыда 5% дәлдікпен алдын ала өлшенеді.

5.10.8 Фрикциялық материалдарын қолдануға қойылатын технологиялық талаптар:

- ұсақтылықтың ұсынылатын модулі $-0,315 \leq d < 7$ мм, сазды және шанды бөлшектердің құрамы материалдың жалпы көлемінің 5% аспауы тиіс;

- өнеркәсіп қалдықтарын (қожды КҚМ) экологиялық қауіпсіздік бойынша сапа сертификатынсыз КҚМ ретінде пайдалануға жол берілмейді;

- диаметрі $d > 5$ мм түйірлер қалалық жолдардың жүру бөлігіндегі жол қозғалысы қауіпсіздігі тұрғысынан қолданылмайды.

- алдын ала қыздырылған фрикциялық материалдарды қозғалыс қарқындылығы 1500-ден 3000 авт\тәул. дейін қолданған жөн, бұл ретте ірілік модулі $0,63 \leq d < 7$ мм аспауы тиіс.

Қысқы тайғақ түрлерін жою кезінде қатты химиялық реагенттер мен сұйық хлорлы ерітінділерді үлестіру нормалары 15 және 16 кестелерде келтірілген.

15-кесте – Қысқы тайғақ түрлерін жою кезінде қатты химиялық реагенттерді (хлорлы тұздарды) үлестіру нормалары

Ауа температурасы, °C	Борпылдақ қар қабатының қалыңдығы $h_c \leq 5$ см, кезінде профилактикалық әдіспен х.р. үлестіру нормасы, г/м ²						Қ.м.о. қабатының қалыңдығы $h_c = 5-10$ см, кезінде апаттық әдіспен х.р. үлестіру нормасы, г/м ²								
	$W_o \leq 62\%$			$W_o > 62\%$			$p \leq 0,20$ т/м ³			$p = 0,21-0,55$ т/м ³			$p > 0,55$ т/м ³		
	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂
-2-ге дейін	25	25	25	25	25	25	-	-	-	-	-	-	-	-	-
-2-ден -4-ке дейін	40	35	40	35	32	35	120	110	120	160	140	160	240	230	240
-4-тен -8-ге дейін	60	55	63	50	48	52	140	135	145	220	200	255	325	300	320
-8-ден -12-ге дейін	82	75	90	68	59	72	180	165	190	275	245	295	390	365	410
-12-ден төмен	-	-	-	75	65	80	210	190	220	320	300	340	460	430	520
Ескертпе – «-» ауа температурасының осы интервалында химреагенттерді үлестіру ұсынылмайтынын көрсетеді.															

16-кесте – Қысқы тайғақ түрлерін жою кезінде сұйық хлорлы ерітінділерді үлестіру нормалары

Ауа температурасы, °C	Борпылдақ қар қабатының қалыңдығы $h_c \leq 5$ см, кезінде профилактикалық әдіспен сұйық х.е. үлестіру нормасы, мл/м ²						2 қ.м.о. қабатының қалыңдығы 3-4 мм-ге дейін, $C = 25\%$ болғанда апаттық әдіспен х.е. үлестіру нормасы, мл/м ²								
	$C = 15\%$			$C = 25\%$			$p \leq 0,20$ т/м ³ , $h_c \leq 5$ см			$p = 0,21-0,55$ т/м ³ , $h_c \leq 4$ см			$p > 0,55$ т/м ³ , $h_c \leq 3$ см		
	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂	NaCl	MgCl ₂	CaCl ₂
-2-ге дейін	200	200	200	110	110	110	280	230	290	420	390	420	550	500	550
-2-ден -4-ке дейін	320	300	310	280	255	270	390	350	430	580	520	560	710	630	690
-4-тен -8-ге дейін	400	340	390	345	320	350	550	520	580	700	630	690	850	790	840
-8-ден -12-ге дейін	-	-	-	450	410	450	650	600	660	900	810	880	1200	1050	1150
-12-ден төмен	-	-	-	600	520	580	850	760	810	-	1100	1230	-	-	-
Ескертпе – «-» ауа температурасының осы интервалында химреагенттерді үлестіру ұсынылмайтынын көрсетеді.															

5.11 Цементбетон жамылғыларында көктайғаққа қарсы материалдарды пайдалану

5.11.1 Бетонның қабыршақтануы – бұл беттің жұқа қабаттарының қатпарлануы және бетон компоненттерін құрайтын ұсақ бөлшектердің - құмның, шағыл тастың, цемент

тасының қабыршықтауы. Жамылғының қабыршақтануы қолданылатын материалдардың техникалық нормативтеріне сәйкес келмеу және бетон жұмыстарын өндіру технологиясын сақтамау барысында туындайтын цемент тасы мен толтырғыш адгезиясының бұзылуының салдары болып табылады.

5.11.2 Қабыршықтанудың пайда болуы мен өршу үдерісіне жол жамылғыларының бетін гигроскопиялық мұзға қарсы реагенттермен (хлорид тұздары, нитраттар) өңдеу; қозғалатын көлік құралдарының динамикалық жүктемелерінің тұрақты әсер етуі; климаттық факторлар (күн радиациясының термиялық әсері, тәуліктік температураның төмендеуі, ауа ылғалдылығы, жауын-шашын) үлкен әсер етеді.

5.11.3 Цементбетон жамылғыларының бетінде қабыршақтанудың пайда болуы мынадай проблемалардың туындауына ықпал етеді:

- бетон жамылғысы қалыңдығының азаюы және оның беріктігінің төмендеуі;
- тоңу және еру кезеңінде сыни әсер ететін жамылғы бетіндегі ылғалдың өсуі;
- тайғақтың пайда болуы;
- ойықтардың, шұңқырлардың, сынықтардың және кетіктердің пайда болуына ықпал етеді.

5.11.4 СИШ (стирол-индеин шайыры) және МЛШ (мұнайполимерлі лак-бояу шайыры) типті мұнай-полимерлі шайырлар негізіндегі, сондай-ақ гидрофобты кремний-органикалық қосылыстар (КОҚ) және мұнай-полимерлі шайырлардың бітеуіш құрамдары (МПШ) негізіндегі қорғаныш сіндіру құрамдарымен өңделген цементбетон жамылғыларында бетонның жасына қарамастан реагенттерді қолдануға рұқсат етіледі [10].

5.11.5 Цементбетон жамылғыларын беттік өңдеу (сіндіру) көктайғаққа қарсы реагенттер ерітінділерінің бетон тесіктері мен жарықтарына енуіне жол бермейді және жамылғыларды салу технологиясы бұзылған кезде жол берілген ақаулардан жамылғының беткі қабатының бұзылу ықтималдығын азайтады.

Цементбетон жамылғыларында цементбетон жамылғыларын мұнайполимерлі құрамдармен беттің бұзылуын қорғау жөніндегі ұсынымдарға [10] және аэродром құрылысына арналған цементбетон жамылғыларының беріктігін арттыру жөніндегі нұсқаулықтарға [11] сәйкес беттік өңдеу ұсынылады.

5.11.6 Химиялық реагенттер ол - диаметрі 3-4 мм-ге дейінгі түйіршіктер немесе ұсақ кристалды ұнтақ, әдетте ақ түсті, суда оңай ериді. Олардың бос күйдегі көлемдік массасы 0,7 - 0,9 т/м³ шегінде болады (17-кесте).

5.11.7 Қысқы тайғақ түрлерімен күресу үшін химиялық реагенттерді қолдану тәжірибесі бірнеше түрлі реагенттерден тұратын аралас қоспаларды қолдану оңтайлы екенін көрсетті (18-кесте). Бұл олардың тиімді әсер ету уақытын арттырады және тоттық белсенділікті айтарлықтай төмендетеді.

5.11.8 Көлік құралдарына, сондай-ақ жасанды құрылыстардың элементтеріне тоттық әсерді азайту мақсатында тот туындатпайтын материалдарды немесе ингибириленген материалдарды қолданған жөн.

5.11.9 Цементбетон жамылғыларындағы қысқы тайғақтықпен күресуге арналған хлоридтер ҚР ЕР 218-29 талаптарына сәйкес қолданылады.

Қолданыстағы нормативтік құжатқа сәйкес [9] цементбетон қоспасын төсеген сәттен бастап бір жыл ішінде цементбетон жамылғыларында хлорид тұздары негізіндегі КҚМ қолдануға тыйым салынады.

17-кесте – Цементбетон жамылғыларындағы тайғақтықты болдырмауға арналған химиялық реагенттердің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Химиялық реагенттер			
	АНС ТУ 113	Карбамид ГОСТ 2061- 75 А маркалы	ШҚНЗ	КНЗ
Химиялық реагенттердің құрамы	Кальций нитраты, зертас, ингибитор ОП-7, ОП-10	Зертас	Кальций нитраты, магний нитраты, зертас, ингибитор ОП-7, ОП-Ю	Кальций нитраты, зертас
Химиялық формуласы	$\text{Ca}(\text{NO}_3)_2 \times 4\text{CO}(\text{NH}_2)_2 + \text{ПАВ}$	$\text{CO}(\text{NH}_2)_2$	$\text{Ca}(\text{NO}_3)_2 \times \text{Mg}(\text{NO}_3)_2 \times 10\text{CO}(\text{NH}_2)_2 + \text{ПАВ}$	$\text{Ca}(\text{NO}_3)_2 \times 4\text{CO}(\text{NH}_2)_2$
Эвтектикалық температурасы, °С	-22	-12	-32	-22
Қолданудың температуралық шекарасы, °С	-12	-5	-20	-12
Түйіршіктік құрамы, %: диаметрі 1 мм-ден кіші түйірлер, көп емес	5	5	5	5
диаметрі 1-3 мм түйірлер, көп емес	93	93	93	93
диаметрі 3 мм-ден жоғары түйірлер, көп емес	2	2	2	2
Сусымалылығы, (ГОСТ 21560.5-82 бойынша, СТ СЭВ 2529-80), %	100	100	100	100
ББЗ (ОП-7 немесе ОП-10) массалық үлесі, %	2,0-3,5	-	1,5-2,2	-
Түйіршіктердің ұсақтауға механикалық беріктігі, кем емес, г/түйіршік	400	400	400	400
Физикалық күйі	Ақ, сарғыш немесе сұр түсті түйірлер	Ақ түсті түйірлер	Сұр-кызғылт түсті түйірлер	Ақ немесе сарғыш түсті түйірлер

18-кесте – Әр түрлі реагенттердің құрамынан оңтайлы көктайғаққа қарсы қоспаны таңдау

Нұсқаның №	MgCl ₂ ·6H ₂ O (грамм)	(NH ₂) ₂ CO (грамм)	NaCl (грамм)	Ығысу күші, МПа	Ілінісу күші, МПа
1	-	-	-	0,03711	7,71
2	-	+	+	0,03493	4,03
3	+	-	+	0,02789	4,79
4	+	+	-	0,01338	5,21
5	-	-	+	0,01042	6,83
6	+	-	-	0,01424	6,18
7	-	+	-	0,00371	6,7
8	+	+	+	0,00246	3,06
Ескертпе – «-» белгісі 35 г/м ² үлестіру нормаларына сәйкес реагенттерді үлестіру нормасы; «+» белгісі 60 г/м ² кезінде.					

5.12 Құйылмалы асфальтбетоннан салынған жол төсемелеріндегі қысқы тайғақтыққа қарсы күрес

5.12.1 Беті тегіс (құйылмалы асфальтбетон) жамылғысы бар жол төсемелерінде (орташа кедір-бұдыр тереңдігі 0,3 мм-ден кем) тұтастай жұқа мұз қыртысы түрінде түзілетін шыны тәрізді мұзбен күресу кезінде кальций хлориді мен магний хлориді негізіндегі КҚМ қолдануға тыйым салынады. Мұздың жұқа қабатын толығымен еріту үшін осы тұздарды қолдану жолда ерітіндінің пайда болуына алып келеді, бұл ілінісу коэффициентін қолайсыз шегіне дейін төмендетеді және натрий хлоридімен салыстырғанда баяу кебуіне байланысты жолдың тайғақ кезеңінің ұзақтығын арттырады [9].

5.12.2 Құйылмалы асфальтбетон жамылғыларында жұқа шыны тәрізді мұз қабықтары натрий хлориді мен ацетаттар немесе аралас материалдар негізіндегі КҚМ көмегімен жойылады. Орташа кедір-бұдыр тереңдігі 0,3 мм-ден асатын жол төсемелерінде КҚМ барлық түрлерін қолдануға болады. Бұл ретте, беттік өңделген жамылғылар автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезінде құйылмалы асфальтбетон жамылғыларынан айтарлықтай артықшылыққа ие.

5.13 Борпылдақ қар кезінде қысқы тайғақтықпен күресу тәсілдері

5.13.1 Борпылдақ қар жол төсемесіне қабат қалыңдығына тең қалыңдықта түседі. Жаңа жауған қардың тығыздығы 0,06-дан 0,20 т/м³-ге дейін өзгеруі мүмкін. Ылғалдылыққа байланысты қар құрғақ, ылғалды және жабысқақ болуы мүмкін. Жол төсемесінде борпылдақ қар қабаты болған кезде жамылғының шиналармен ілінісу коэффициенті 0,2-ге дейін төмендейді [9].

5.13.2 Жол төсемесіндегі борпылдақ қардың шөгінділері желсіз ауа-райында қатты жауын-шашын кезінде пайда болады. Қарды борпылдақ күйде ұстау ауа температурасы -10°C-тан төмен болған кезде мүмкін, себебі ауа температурасы төмен болған кезде қарды көлік құралдарымен тығыздау үдерісі баяулайды, ал ауа температурасы -6 °C-тан -10°C-қа дейін, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 90%-дан аз болған кезде қар тығыздалмайды.

5.13.3 Қар жауған кезде қар орамының пайда болуының алдын алу мақсатында жұмыс технологиясы қар жауған, жаңа жауған борпылдақ қар көлік құралдарының қозғалысы нәтижесінде әлі тығыздалмаған кезде химиялық немесе аралас КҚМ тікелей үлестіруді

көздейді. КҚМ (қатты немесе сұйық) үлестіру жол бойында химиялық КҚМ тоқтату үшін жеткілікті қар қабаты пайда болғаннан кейін басталады. Бұл жамылғыға түскен қарды борпылдақ күйде ұстауға мүмкіндік береді. Қар жауу тоқтағаннан кейін қар тазалағыштардың көмегімен жол жамылғысынан қарды толығымен алып тастау қажет.

5.14 Жасанды құрылыстарды қысқы күтіп-ұстау

5.14.1 Жасанды құрылыстар (көпірлер, тоннельдер, өтпезолдар, эстакадалар және т.б.) жолдардың қауіпті телімдеріне жатады, сондықтан олардағы қысқы тайғақтықты кешенді жою бойынша жұмыстарды бірінші кезекте жүргізу ұсынылады.

5.14.2 Қыс мезгілі басталар алдында жамылғының және құрылыстың барлық құрылымдық элементтерінің, әсіресе гидроокшаулау, деформациялық жіктер және дренажы бұзылып, металл арматурасы көрінетін жерлерді мұқият жабу қажет. Тот пен ластанудан тазарту және металл элементтері мен құрылымдарын лак-бояу материалдарымен сырлау жұмыстары жүргізіледі.

Темірбетон және металл көпірлерде хлоридсіз КҚМ қолдану қажет.

5.14.3 Құрамында хлор бар КҚМ қолданған кезде жасанды құрылыстардың бетон элементтерін (қоршаулар, жаяужолдар және ернеу блоктары, шеткі арқалықтардың, беларқалардың, қондырмалардың шығыңқы бөліктері және т.б.) осы материалдардың әсеріне ұшыраған кезде гидрофобты құрамдармен өңдеу керек [9].

Бетон беттерін гидрофобты қосылыстармен өңдеу жиілігі - екі жылда бір рет.

Гидрофобтау болмаған жағдайда бетонды өңдеу тотқа қарсы қоспамен – үш жылда бір рет жүргізіледі.

5.14.4 Көпірлердің, эстакадалардың, өтпезолдардың (беларқалардың, қондырмалар, жаяужолдардың арыстары және т.б.) конструктивтік шығыңқы жерлерге, егер қалыңдығы 10 см-ден асатын болса, қарды алып тастау қажет.

5.14.5 Қыс мезгілі аяқталғанға дейін құбырлардың, жеткізу және бұру арналарының саңылауларын тазалау қажет.

5.14.6 Көктемде, жасанды құрылыстардағы қысқы жұмыстар аяқталғаннан кейін, ауа температурасы көтерілген кезде күшейетін тотты болдырмау үшін оларды арнайы жуғыш затпен немесе сумен жуу қажет.

5.14.7 Механикалық қар тазалауды орындау кезінде көпірлер мен жол өтпелерінің жачужолдарына қардың түсуін шектеу мақсатында металл тосқауыл қоршау секцияларының астына уақытша қалқандар орнатуға жол беріледі.

5.14.8 Жаяу жүргіншілер жүретін орындардағы жасанды құрылыстардағы жаяужолдар ГОСТ 33181 сәйкес мерзімде қардан тазартылады, тазартылғаннан кейін оларды ГОСТ 33387 бойынша КҚМ өңдеу жүргізіледі.

5.14.9 Жасанды құрылыстан жиналған қарды шығару осы Ведомстволық нормативте белгіленген тәртіппен су нысандарының жағалау және су қорғау аймақтарынан тыс жерлерде жүргізілуі тиіс.

Жол өтпелері суағарларының шеттерінде пайда болатын салбырап тұрған мұздардың жол жиегіне (жаяужолдарға) өздігінен құлауын болдырмау мақсатында автомобиль жолдарын патрульдік тексеру кезінде оларды сындыру қажет.

5.15 Тау жолдарын қар көшкінінен қорғау

5.15.1 Көшкін қаупі бар телімдерде жолдарды қар көшкінінен қорғау көшкінге қарсы арнайы, оның ішінде [9] кіретін іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- қар көшкінінің алдын алушылар (қар көшкінінің жолға түсуін болдырмайды);

- қар көшкінінен қорғау (қар көшкінін оқшаулауды қамтамасыз етеді және ықтимал экономикалық залалды және автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстардың қирау көлемін барынша азайтады);

- профилактикалық (ішінара оқшаулауды, жол мен құрылыстарға экономикалық залалды азайтуды қамтамасыз етеді, адамдардың қаза болуына жол бермейді және жолда тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз етеді).

Қар көшкініне қарсы іс шаралар кешенінің құрамы 19 кестеде келтірілген.

19 -кесте – Қар көшкініне қарсы іс-шаралар кешенінің құрамы

Іс-шара	Жұмыстар түрі	Жұмыстар құрамы
Қар көшкінінің алдын алушылар	Қар ұстау Қарды реттеу	Қар ұстайтын қоршаулар, қар ұстайтын қабырғалар, қадалар жүйесін құру; беткейлерді террассалау; қар үрлейтін қоршаулардан, қар ұстайтын орлардан, кольктафельдерден, орман екпелерінен қар реттейтін жүйені құру.
	Қар жамылғысын тұрақтандыру	Қарды механикалық немесе химиялық жолмен нығайту.
Қар көшкінінен қорғау	Қар көшкіні бағытын өзгерту	Бағыттаушы және ұстап қалатын бөгеттерді, қабырғалар мен көшкін кескіштерді салу; жасанды арналар мен шұңқырларды жасау.
	Көшкіндерді жолдың үстінен немесе астынан өткізу	Галереялар, қалқалар, көпірлер, эстакадалар, виадуктар салу.
Алдын алу	Ұйымдастырушылық	Көшкінге қарсы қызметті құру немесе қозғалысты тоқтату немесе шектеу үшін онымен өзара әрекеттесу; ескерту дабылын орнату.
	Жасанды түрде құлату	Қар көшкінін артиллериялық жүйелерден атқылау, алдын-ала салынған жарылғыш заттарды жару және басқа (мысалы, акустикалық) әсер ету тәсілдерін қолдану.

5.15.2 Беткейлерде қар жамылғысын ұстап тұру үшін орман екпелерін пайдаланған кезде олар беткейдің табанынан 20-30 метр биіктіктегі телімді қоспағанда, көшкін қаупі бар барлық беткейді жабуы тиіс. Беткейдегі өсімдіктер қатарынан 1 метрден кейін, қатарлар арасында 2 метр қашықтықта орналасуы керек.

5.15.3 Қардың сырғып кетуіне жол бермеу және қар жамылғысының орташа көпжылдық биіктігі 1 метрден асатын (5% асып кету ықтималдығы бар) 25°-тан асатын беткейлердегі жас өсімдіктерді қорғау үшін қар ұстайтын құрылғылар (қабырғалар, тіректер, қадалар және т.б.) орнатылады.

5.15.4 Қар көшкіндерінің қозғалысын өзгерту немесе оларды тоқтату үшін қар көшкініне қарсы қорғаныш көшкін кескіштер мен бөгеттер қолданылады (артында топырақ үйіндісі орналасқан кейбір жағдайларда тік темірбетон немесе бетон беті бар трапеция қимасы). Бөгеттің құрылымы мен өлшемдері құламаның және қар көшкіні бассейнінің тіктігіне байланысты есептеу арқылы анықталады.

5.15.5 Таулы жолдарда қар көшкінінен пайда болған қар үйінділері жол өтетін жердің бедеріне байланысты әртүрлі тәсілдермен тазартылады. Үйінділерді тазалауды айналмалы қар тазалағыштармен жүргізген жөн.

Беткейлердің етегіндегі аңғарлардың түбімен өтетін төмен үйінділері бар телімдерде қар шөгінділері жол төсемесіне дейін жоғарыдан төменге қарай қабаттарға алынып, биіктігі 2 м және ені кемінде 1 м жиектер қалдырылады.

Қауіпсіздік мақсатында үйінділердің биіктігі жоғары болған кезде, үйіндінің түбіне дейін терең орларды қазуға болмайды. Қабаттарды тазарту жолағының бүкіл еніне рет-ретімен өту арқылы алып тастау ұсынылады. Жартылай ойық-жартылай үйінділердегі үйінділер қардың төменгі беткейге қарай жылжуымен тазартылады.

5.15.6 Бойлық бағытта үйінділер айналмалы қар тазалағыштармен екі тәсілмен тазаланады. Егер үйінді жолдың ұзындығы бойынша салыстырмалы түрде үлкен болса, жұмыс машиналардың кері қайтуымен орындалады. Үйіндінің ұзындығы қысқа болса, кері қайтусыз жұмыс істеу керек. Қар тазалағыш көлденең жазықтыққа мүмкіндігінше үлкен бұрышта көлбеу қабаттармен үйінді жасайды.

5.15.7 Серпантиндердегі жолды қардан тазартуды қарды еңіс астына төгейтін әмбебап бульдозерлермен жасауға болады. Айналмалы қар тазалағыштарды қолданған кезде серпантиндердегі қар шөгінділерін олардың кіші радиустарына байланысты қысқа «қиюшы» бөліктермен игеру жүргізіледі.

5.16 Мұз қатумен күресу

5.16.1 Мұз қатумен күресу үшін әртүрлі инженерлік шаралар қолданылады, олар мұздың пайда болу сипаты мен себептерін, бедер мен жердің топырақты-геологиялық ерекшеліктерін, жол бойындағы көлік құралдарының қарқындылығын және басқа факторларды ескере отырып таңдалады [9].

5.16.2 Жауын-шашын көп болатын аудандарда, әсіресе күзгі кезеңде және қар жамылғысының едәуір биіктігінде, қиғаш жерлерде мұздың пайда болуын оқшауланған арықтар арқылы суды бұру арқылы алдын алады.

Еңіс кемінде 5% болғанда арықтардың көлденең қимасы кем дегенде 0,2×0,3 м етіп қабылданады. Жоғары жақта орналасқан арықтар, бүкіл ұзындығы бойынша қалыңдығы кемінде 0,3 м мүк, шымтезек немесе басқа оқшаулау қабатымен оқшауланады.

5.16.3 Су ағындарының аңғарларында мұздың пайда болуын болдырмау үшін арналар тереңдетіліп, тегістеледі, ілмектер мен ескі ағындар кесіліп, арнаның күрт кеңеюі түзетіледі.

5.16.4 Жолдың жер төсемесіне ағатын мұздың жолға шығуын болдырмау мақсатында су тікелей мұзға салынатын ашық арықтар арқылы бұрылады.

5.16.5 Мұздың жүйелі түзілу телімдерінде үйінді табанынан 5 м қашықтықта немесе ойық кесіндісінен 8 м қашықтықта жолдың жер төсемесі бойымен төгілетін дренажсыз топырақтардан (саздан) биіктігі 1,2 - 2,0 м тұрақты ұстап тұратын біліктер орналастырылады.

Өзен аңғарларында ерекше өршіген мұздар болған кезде біліктің табаны бойымен сүзгіш қабаты бар дренажды емес топырақтардан құйылатын бағыттаушы біліктер орналастырылады. Бұл жағдайда бағыттаушы біліктер арнаны тегістеу және тереңдетумен бірге қолданылады.

5.16.6 Қиғаш тауларда мұздың пайда болуына жол бермейтін тиімді іс-шара дренаждық-каптаждық құрылғыларды салу болып табылады.

5.16.7 Жолда пайда болған мұзбен күресу үшін оларды механикалық немесе химиялық тәсілмен жою жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.

5.17 Қысқы күтіп-ұстау бойынша орындалған жұмыс туралы есеп

5.17.1 Автомобиль жолдарын басқарушылар белгіленген тәртіппен жол органдары мен әкімдіктердің диспетчерлік қызметтерін жолдармен жүру жағдайы, қысқы тайғақтықтың болуы, ЖКО, КҚМ және ҚТҚ қалуы туралы, сондай-ақ осы ақпаратты жол органының орталық жедел-диспетчерлік қызметіне беретін автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезіндегі жол-пайдалану техникасының жұмысы туралы хабардар етуі тиіс. Ақпарат нысаны - осы Ведомстволық нормативтің Б және В қосымшаларына сәйкес беріледі.

6. Қысқы күтіп-ұстау кезінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-пайдалану техникасына техникалық жай-күйі бойынша талаптар

6.1 Жол органы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органдармен бірлесіп және төтенше жағдайлар (қолайсыз ауа-райы-климаттық жағдайлар, қатты боран, көктайғақ және көріну шектелген жағдайларда) кезінде азаматтық қорғау саласында автомобиль жолдарындағы көлік құралдарының қозғалысын шектейді және жабады, бұл туралы жергілікті атқарушы органдарға және автомобиль жолдарын пайдаланушыларға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қозғалыс жағдайлары мен режимдері туралы хабарлайды, сондай-ақ ҚР СТ 1412 және ҚР СТ 2607 сәйкес тиісті ЖҚРТҚ орнатумен айналысады.

6.2 Жол органдары ауа-райының күрделі жағдайларын аяқтағаннан кейін және жолдардың жабық телімдерінде қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз еткеннен кейін жергілікті атқарушы органдар мен автомобиль жолдарын пайдаланушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жолдардың бұрын жабық телімдерінде жол жүрудің жай-күйі туралы хабардар етеді.

6.3 Қар тазалау жұмыстары аяқталғаннан кейін және көлік құралдарының өтуі үшін қозғалыс ашылғаннан кейін ЖҚРТҚ қар шөгінділерінен тазартылуы керек, ал бұрын орнатылған барлық уақытша ЖҚРТҚ демонтаждалады.

6.4 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның (келісім бойынша) жол-пайдалану техникасын және жол қозғалысына қатысушылардың ұйымдастырылған колонналарын сүйемелдеу үшін өтеусіз негізде берілетін арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталған патрульдік автомобильдері тартылуы мүмкін.

6.5 Жол-пайдалану техникасында қар тазалау жұмыстарын жүргізу кезінде қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық шамшырақтар қосылуы, сондай-ақ жолдың жүру бөлігінде жол-пайдалану техникасында 1.23 «Жол жұмыстары», 4.2.1 «Оң жақтағы кедергілерді айналып өту», 4.2.2 «Сол жақтағы кедергілерді айналып өту» жол белгілері орнатылуы тиіс.

Қыс мезгілінде күрделі ауа-райы жағдайында немесе тәуліктің қараңғы уақытында жұмыстарды орындау кезінде аталған жол белгілерін жарықдиодты түрінде қолдану ұсынылады.

6.6 Жол-пайдалану техникасының техникалық жай-күйі [2] және [3] талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6.7 Шығу алдында кезекші механик жол парағына міндетті түрде жаза отырып, көлік құралдары мен жол-пайдалану техникасының техникалық жарамдылығын тексеруге міндетті.

Техникалық ақаулы көлік құралдары мен арнайы жол-құрылыс техникасын пайдалануға тыйым салынады.

6.8 Тығыздалған қарды немесе мұзды ұсақтау кезінде (әсіресе кескіштің жұмысы кезінде) жүргізуші / машинист ұсақталған мұз кесектерімен жаяу жүргіншілерге зақым келтірмеу және басқа көлік құралдарына механикалық зақым келтірмеу үшін аса сақ болуы қажет.

7 Еңбекті қорғау

7.1 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауды қамтамасыз ететін қызметкерлер үшін арнайы киімді, аяқ киімді жылытуға, демалуға, тамақ ішуге және кептіруге арналған үй-жайларды жабдықтау қажет. Жұмыскерлердің болу орындары дәретханалармен (биотуалеттермен) жабдыкталуы тиіс.

7.2 Автомобиль жолдарында жұмыс жүргізу орындарын жайластыру ҚР СТ 2607 сәйкес жүзеге асырылады.

7.3 Бір бағытта бірнеше қар тазалағыштардың бір мезгілде жұмыс істеуі кезінде олардың арасындағы қашықтық кемінде 15 м болуы тиіс.

7.4 Айналымы қар тазалағыш жұмыс істеген кезде машинаның артқы дөңгелегінің шетінен жер төсемесінің қасына дейінгі қашықтықты кемінде 1 м болуы қажет.

7.5 Иірме жағынан аспалы жабдыққа 1,5 м жақындауға, сондай-ақ аспалы жабдықтың астынан қар тазалағыш қозғалтқышы толық тоқтаған және өшірілгенге дейін бөгде заттарды шығаруға рұқсат етілмейді.

7.6 Қар тазалағыштың аспалы жабдығын көтеру және түсіру алдында бұл әрекеттің (маневрдің) жаяу жүргіншілер мен қозғалатын көлік құралдарына қауіп төндірмейтініне көз жеткізу қажет.

7.7 Автомобиль жолдарына себу үшін қатып қалған жәнәтұтасып қалған КҚМ тиеуге тыйым салынады. Бункерде қатып қалған құм кесектерінің көлік құралдарына түсуіне жол бермеу үшін тор болуы керек.

7.8 Материалдарды тиеуге арналған бункерге немесе конвейерге арналған эстакада қабылданатын жүктемелерді ескере отырып, беріктікке есептелуі тиіс.

7.9 Құмды қабаттан бункерге беру кезінде тиегіштің қозғалысын шектеу үшін тәуліктің кез келген уақытында анық көрінетін сигналдық белгілерді орнату, тиегіштің бункерге соғылу мүмкіндігіне кедергі келтіретін тіректі жабдықтау қажет.

7.10 База аумағындағы тиегіштің көмегімен КҚМ құмтұзтаратқышқа тиеу кезінде мынадай талаптарды сақтау қажет:

- КҚМ қабаттардан тиеуді табиғи еңіс бұрышын сақтай отырып жүргізу;
- қабаттарда ілініп тұрған күнқағарлардың пайда болуына жол бермеу.

7.11 Рұқсат етілмейді:

- КҚМ тиеу кезінде жұмыс істейтін жұмысшылардың тиегіш пен құм таратқыштың ортасында болу;

- автокөліктерді сүйемелдейтін жұмысшылардың шанақта және көлік баспалдағында болу;

- тиеу машинасы жұмыс істеп тұрған кезде құмтұзтаратқыштағы КҚМ тегістеу;

- тиелетін көлік құралдарының жанында қандай да бір жұмыстар жүргізу.

7.12 КҚМ қолмен тиеу және жинақтау кезінде мынадай талаптар орындалуы тиіс:

- жұмысты бастамас бұрын тиеу орындарын тексеріп, тоңған құмның ілініп тұрған күнқағарларын құлатып, үйінділерін сындырып, кездейсоқ құлаған кезде оның құммен толып қалуын болдырмайтындай етіп тиеу көлігін орнату қажет. Қазу әдісімен жұмыс істеуге жол берілмейді;

- жұмысшылар арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтай отырып, көлік құралына құмды тек бір жағынан тиеу керек;

- бірнеше жұмысшы бірлесіп жұмыс істеген кезде олардың арасындағы қашықтық жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін жеткілікті болуы тиіс.

7.13 КҚМ үлестіру тек механикаландырылған әдіспен құм таратқышты қолдану арқылы жүзеге асырылуы керек.

Құм таратқыштың қозғалысына көлік құралдарының жалпы ағынында рұқсат етіледі, бірақ оларды басып озбай.

7.14 Қозғалыстағы көлік құралының шанағынан КҚМ қолмен шашуға жол берілмейді.

7.15 Маршруттық көлік құралдарының аядамаларындағы жолаушыларға арналған алаңдар мен жаяужолдарды КҚМ қабаттардан қолмен себуге рұқсат етіледі.

7.16 КҚМ шашу кезінде құм таратқыштың бункерінде болуға рұқсат етілмейді.

7.17 Қардан қорғайтын қалқандар мен қадаларды тасымалдау кезінде жұмысшылардың көлік құралының шанағында болуына жол берілмейді.

7.18 Қадалар қызметкерлерге үшкір ұштарымен жарақаттануды болдырмайтын жағдайларда сақталуы тиіс.

7.19 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға тартылған қызметкерлер бекітілген нұсқаулыққа сәйкес еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өтуі тиіс.

8 Қоршаған ортаны қорғау

8.1 Автомобиль жолдарын басқарушылар автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды [4], ҚР ЕР 218-21 және осы Ведомстволық норматив талаптарына сәйкес орындайды.

8.2 Натрий хлоридінің табиғи ортаға теріс әсерін азайту үшін автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау үдерісінде келесі талаптарды орындау қажет:

- КҚМ үлестіру кезінде осы ведомстволық нормативке сәйкес жолдардың жүру бөлігінде қысқы тайғақ, ауа температурасы мен қар-мұз түзілімдерінің қалыңдығына қарай соңғыларының шашылу нормаларын қатаң сақтау;

- натрий хлоридін фрикциялық материалдармен араластыруды, кристалды натрий хлоридін жинауды және сақтауды ерітінділердің топыраққа сіңуін болдырмайтын, сорғыш ұңғымалар құрылғысымен және су бұрумен қамтамасыз етілген асфальтбетон жамылғысы бар алаңдарда жүзеге асыру қажет.

8.3 ҚТҚ дайындау және сақтау үшін құрылғының орнын, сондай-ақ ҚТҚ және натрий хлоридін сақтауға арналған қоймалардың құрылғысы мен орналасуын заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету қажет.

КҚМ дайындауға және сақтауға арналған қоймалар мен арнайы алаңдарды су қорғау аймақтарынан және су айдындарының (су ағындарының) жағалау белдеулерінен және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарынан тыс орналастыру керек (осы Ведомстволық нормативтің Е қосымшасы).

8.4 КҚМ өсімдіктерге, топыраққа, жер үсті және жер асты суларына теріс әсерін азайту мақсатында мыналарды қамтамасыз ету қажет:

- тығыздалған қардың пайда болуын жою үшін оларды үлестірудің минималды нормаларымен КҚМ жүру бөлігін профилактикалық өңдеуді кеңінен қолдану;

- қар тазалау технологиясын оңтайландыру;

- жол құрылысы жобаларында су жинайтын құдықтар орната отырып, жол бойындағы жолдың көлденең еңісі бүйірге қарай кемінде 5% тосқауыл қоятын және бұратын дренаждар немесе құрылғылар салу жолымен еріген суларды бұру.

8.5 Қоршаған ортаның жай-күйіне (жер асты және жер үсті сулары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, топырақ) КҚМ әсерінің мониторингі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

8.6 Автомобиль жолдарын басқарушылар [8] сәйкес автомобиль жолдарының жол бойындағы белдеуінің ластану деңгейін бақылауды ұйымдастырады және топырақ пен өсімдіктерді КҚМ қалдықтарының әсерінен қорғаудың табиғат қорғау шараларын жүзеге асырады (осы Ведомстволық нормативтің Ж қосымшасы).

8.7 Автомобиль жолын салуға және қайта құрылымдауға арналған жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде тиісті техника-экономикалық негіздеуде әкетілген шығарылатын қарды орналастыру және оны одан әрі кәдеге жарату үшін арнайы қар қабылдау полигондары немесе қар еріту пункттері көзделуі тиіс.

9 Қысқы кезеңде жол ұйымдары жүргізетін бақылаулар

9.1 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін автомобиль жолдарының нақты телімдерін қар басу, қар шығару көлемі туралы нақты деректердің болуы, сондай-ақ қысқы тайғақ жиі пайда болатын автомобиль жолдарының телімдерін анықтау қажет. Бұл деректерді автомобиль жолдарын басқарушылар жүргізетін көпжылдық бақылаулар арқылы алу керек.

9.2 Қар шығару көлемі туралы нақты деректердің болуы жергілікті табиғи-климаттық факторларды ескере отырып, әртүрлі қыста қар шығару көлемінің ауытқу шегін белгілеуге мүмкіндік береді.

9.3 Қар шығару көлеміне жүйелі жыл сайынғы байқаулар жүргізу үшін қар өлшеуіш пункттер орнатылады, олардың орналасуы мен бақылау нысандарының сипаттамасы осы Ведомстволық нормативтің 3 қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

Қар өлшеуіш пункттер автомобиль жолдарының 1-3 деңгейдегі қарлы телімдерінде олардың пайдалану жағдайына қойылатын талаптардың бір-бірінен кемінде 50 шқ қашықтықта, тығыз және жоғары қар ұстайтын екпелердің немесе уақытша тосқауылдардың жанында орналастырылады. Қар өлшеуіш пункттер автомобиль жолдарын басқарушылардың шешімі бойынша автомобиль жолдарында олардың пайдалану жағдайына қойылатын талаптардың 4-5 деңгейінде орналастырылуы мүмкін.

9.4 Күзгі-қысқы кезең басталғанға дейін қар өлшеуіш пункттер ені кемінде 0,5 шқ іргелес қар жинау бассейндері бар телімдерде жол осіне тік бұрышпен көлденеңінен орнатылады.

9.5 Бөгеттердің жел жақ жағындағы жарманың ұзындығы тосқауылдардың кемінде 10 биіктігінен (екпелердің "жұмыс" биіктігінен), ал ық жағы – жер төсемесінің жиегіне дейін болуы тиіс.

9.6 Төрткілдештерді биіктігі қар жалының биіктігінен жоғары болуы керек, бірақ тосқауылдың биіктігінен кем болмауы керек (қар ұстайтын екпелердің "жұмыс" биіктігі). Төрткілдештер 5 см сайын бояумен бөлінеді. Төрткілдештер нөлдік бөліну жер бетінің деңгейінде болатындай етіп, аяз басталғанға дейін жерге көміледі. Төрткілдештер жер төсемесінің шетінен нөмірленеді.

9.7 Қар өлшеуіш пункттердегі тосқауылдардың ұзындығы кемінде 20 тосқауыл биіктігін құрауы тиіс. Қар өлшеуіш пункттегі өлшеу деректері осы Ведомстволық нормативтің

И қосымшасына сәйкес журналға енгізіледі.

9.8 Төрткілдештер бойынша қар шөгінділерінің биіктігін өлшеу әрбір қарқынды қар жауғаннан (боран) және ұзақ ерігеннен кейін (үш тәуліктен астам) орындалады. Өлшеу деректері бойынша қар шөгінділерінің көлденең пішінінің ауқымды құрылысы жүргізіледі, алынған пішіннің ауданы анықталады және ол бойынша қардың максималды көлемі есептеледі.

9.9 Қар өлшеуіш пункттерді ұйымдастыруға автомобиль жолдарын басқарушылардың басшылары жауапты болып табылады. Олардың басшылығымен бақылаулар жүргізіледі,

олардың негізінде автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау сапасын жақсарту бойынша жобалау, салу және пайдалану іс-шаралары әзірленеді.

10 Автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды қысқы күтіп-ұстау кезінде өндірісті және орындалған жұмыстарды операциялық және инспекциялық бақылау

10.1 Автомобиль жолдарының және олардағы құрылыстардың күтіп-ұсталуына, қысқы кезеңде туындайтын автомобиль жолдарының элементтерін күтіп-ұстаудағы зақымданулар мен ақауларды жоюға операциялық және инспекциялық бақылау осы Ведомстволық нормативте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10.2 Қысқы тайғақтыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде бірінші кезеңде операциялық бақылауды жол-пайдалану учаскесінің басшысы жүзеге асырады.

Бұл ретте мынадай параметрлер мен көрсеткіштер бақыланады:

- жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жол техникасының уақтылы шығуы және КҚМ үлестірудің басталуы;
- КҚМ өңдеу уақытының кестесіне және қысқы тайғақты жоюдың директивалық мерзімдеріне сәйкес берілген талаптарды сақтау;
- жүру бөлігі шегінде КҚМ біркелкі үлестірілуі;
- КҚМ үлестірудің нақты нормасы (үлестірілген КҚМ мөлшерін өндеген жамылғы ауданына бөлу арқылы анықталады).
- арнайы алаңдарда (автобус аялдамаларында) КҚМ болуы;
- қар ұстайтын қалқандардың, қар бөгеттерінің және орлардың жай-күйі;
- инженерлік құрылыстардың, сондай-ақ су өткізгіш құбырлардың жай-күйі және құбырлардың кіру және шығу тесіктерін жабудың сенімділігі (өздігінен ашылу мүмкіндігін болдырмау);
- жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарының жай-күйі (жол белгілеріндегі қар шөгінділерін тазалау және т.б.).

10.3 Операциялық бақылаудың екінші кезеңін басшы және өндірістік-техникалық қызметкерлер (бас инженер, пайдалану жөніндегі орынбасары, өндірістік-техникалық бөлімнің қызметкерлері) жүзеге асырады. Бірінші кезеңдегідей бірдей параметрлер мен көрсеткіштер және олардың сенімділігі бақыланады.

10.4 Автомобиль жолдарын басқарушылар мердігер ұйымның келісімшарт талаптарын орындауын, оның ішінде жұмыстар мен материалдардың сапасын бақылауды ұйымдастыруды және жүргізуді, автомобиль жолдарын күтіп-ұстаудың нақты деңгейінің [1] және осы Ведомстволық нормативтің 3 және 4-кестелерінде келтірілген талаптарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

10.5 Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстардың жай-күйінің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қойылатын талаптарға (регламенттерге, нормативтерге, стандарттарға, нұсқаулықтарға және т.б.) сәйкестігін бағалау бойынша тексерулер жүргізеді.

10.6 Автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстардың, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның тиісті ЖҚРТҚ күтәп-ұстау мен пайдалану күйі бойынша кемшіліктер анықталған жағдайда кемшіліктерді жою мерзімдерін белгілей отырып, нұсқама беріледі.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Ерігіштік диаграммалары арқылы химиялық реагенттердің шығын нормасын анықтауға арналған есептеу мысалдары

1-мысал Сулы-тұзды ерітіндінің құрамындағы химиялық реагенттің массасын анықтау

Есептеудің мақсаты: химиялық реагентті үлестіру тығыздығын үлеструдің апаттық әдісімен анықтау.

Бастапқы деректер: ауа температурасы $t = -5^{\circ}\text{C}$, бастапқы химиялық реагент - натрий хлориді NaCl , қар-мұз түзілімінің тығыздығы $\rho = 0,800 \text{ т/м}^3$, қар-мұз түзілімінің қалыңдығы $h = 0,002 \text{ м}$.

Шешімі:

1. $\rho = 0,800 \text{ т/м}^3$ және $h = 0,002 \text{ м}$ болғанда 1 м^2 жол жамылғысының бетіне келетін қардың массасын нықтаймыз:

$$m_{\text{сн}} = \rho \cdot h \cdot S = 0,800 \cdot 0,002 \cdot 1 = 0,0016 \text{ т} = 1600 \text{ г.}$$

2. А.1-суреттен натрий хлориді үшін ерігіштік диаграммасы бойынша ерітіндінің шоғырлануын анықтаймыз: $K_p = 7,3\%$.


3. Бастапқы деректерге сүйене отырып қардың массасы $m_{\text{сн}} = 1600 \text{ г}$, реагенттің массасы $m_p = X \text{ г}$. Қарастырылып отырған есептеуде олардың массаларының қосындысы 100% , яғни, $m_{\text{общ}}\% = m_{\text{сн}}\% + m_p\% = 100\%$. Бұл ретте $K_p = 7,3\%$ хлоридтің массасы $m_p = X \text{ г}$ тең.

4. 3-тармақтан біз екі теңдеу жасаймыз: $100\% = 1600 \text{ г} + X \text{ г}$ және $7,3\% = X \text{ г}$, осы теңдеулердің айырмашылығынан m_p табуға болады.

$$\begin{array}{r} 100\% = 1600 \text{ г} + X \text{ г} \\ 7,3\% = X \text{ г} \\ \hline 92,7\% = 1600 \text{ г} \end{array}$$

Соңғы екі теңдеудің пропорциясынан:

$$1 \text{ м}^2 \text{ жамылғыға келетіні } X = (1600 \cdot 7,3\%) / 92,7\% = 126 \text{ г.}$$



А.1-сурет - Кейбір химиялық реагенттердің ерігіштік диаграммасы

Қорытынды: Ауа температурасы $t = -5^{\circ}\text{C}$, қар-мұз түзілімінің тығыздығы $\rho = 0,800 \text{ т/м}^3$ және қар-мұз түзілімінің қалыңдығы $h = 0,002 \text{ м}$, болғанда натрий хлоридін үлестіру тығыздығы $q = 126 \text{ г/м}^2$ құрайды.

2-мысал Химиялық реагенттердің әртүрлі түрлерін үлестіру тығыздығын анықтау

Есептеудің мақсаты: химиялық реагентті таңдау.

Бастапқы деректер: ауа температурасы $t = -5^{\circ}\text{C}$; бастапқы химиялық реагенттер - NaCl , MgCl_2 және CaCl_2 ; қар-мұз түзілімінің тығыздығы $\rho = 0,800 \text{ т/м}^3$, -мұз түзілімінің қалыңдығы $h = 0,002 \text{ м}$.

Шешімі:

1. $\rho = 0,800 \text{ т/м}^3$ және $h = 0,002 \text{ м}$ болғанда 1 м^2 жол жамылғысының бетіне келетін қардың массасын нықтаймыз:

$$m_{\text{сн}} = \rho \cdot h \cdot S = 0,800 \cdot 0,002 \cdot 1 = 0,0016 \text{ т} = 1600 \text{ г}.$$

2. А.1-суреттен таңдалған химиялық реагент үшін ерігіштік диаграммасы бойынша ерітіндінің шоғырлануын анықтаймыз:

NaCl үшін - $K_p = 8,1\%$; MgCl_2 үшін - $K_p = 7,3\%$ және CaCl_2 үшін - $K_p = 11,8\%$.

3. 1-тармаққа сүйене отырып, қардың массасы $m_{\text{сн}} = 1600 \text{ г}$, реагенттің массасы $m_p = X \text{ г}$.

Қарастырылып отырған есептеуде олардың массаларының қосындысы 100% , яғни, $m_{\text{общ}}\% = m_{\text{сн}}\% + m_p\% = 100\%$. Осылайша, K_p сәйкес хлоридтердің массасы 1-мысалға ұқсас есептеледі. Онда:

а) $100\% = 1600 \text{ г} + X_{\text{MgCl}_2} \text{ г}$ и $7,3\% = X_{\text{MgCl}_2} \text{ г}$,

б) $100\% = 1600 \text{ г} + X_{\text{NaCl}} \text{ г}$ и $8,1\% = X_{\text{NaCl}} \text{ г}$,

в) $100\% = 1600 \text{ г} + X_{\text{CaCl}_2} \text{ г}$ и $11,8\% = X_{\text{CaCl}_2} \text{ г}$.

4. Осы теңдеулердің айырмашылығынан m_p табуға болады.

а) хлорлы магний үшін:

$$\begin{array}{r} \underline{100\% = 1600 \text{ г} + X \text{ г}} \\ 7,3\% = X \text{ г} \\ \hline 92,7\% = 1600 \text{ г} \end{array}$$

б) хлорлы натрий үшін:

$$\begin{array}{r} \underline{100\% = 1600 \text{ г} + X \text{ г}} \\ 8,1\% = X \text{ г} \\ \hline 91,9\% = 1600 \text{ г} \end{array}$$

в) хлорлы кальций үшін:

$$\begin{array}{r} \underline{100\% = 1600 \text{ г} + X \text{ г}} \\ 11,8\% = X \text{ г} \\ \hline 88,2\% = 1600 \text{ г} \end{array}$$

Осы теңдеулердің пропорциясынан біз аламыз:

а) $X_{\text{MgCl}_2} = (1600 \cdot 7,3\%) / 92,7\% = 126 \text{ г}$.

б) $X_{\text{NaCl}} = (1600 \cdot 8,1\%) / 91,9\% = 141 \text{ г}$.

в) $X_{\text{CaCl}_2} = (1600 \cdot 11,8\%) / 88,2\% = 214 \text{ г}$.

Қорытынды: Үлестіру тығыздығы бойынша бастапқы материалдарды пайдаланудың тең шарттары бойынша ең төменгі көрсеткіш - MgCl_2 , оның X_{NaCl} салыстырғанда X_{MgCl_2} 15 г-ға (10,64%) және X_{CaCl_2} салыстырғанда 88 г-ға (41,12%) аз.

Б қосымшасы
(міндетті)

Диспетчерлік қызметке қойылатын негізгі талаптар

Б.1 Жол-пайдалану учаскелерінде (ЖПУ) басқаруы арнайы штабтармен жүзеге асырылатын жолдарды қысқы күтіп-ұстаумен байланысты жұмыстардың кешені жүргізіледі. Осыған байланысты, автомобиль жолдарын басқарушылармен жедел штабтар, ал ЖПУ шегінде жолдарды қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыс штабтары ұйымдастырылуы тиіс. Штаб бастықтарының функцияларын автомобиль жолдары мен ЖПУ басқарушыларының бірінші басшылары жүзеге асырады, ал олардың мүшелері тиісінше: бас инженерлер, бас механиктер, ЖЖҰҚ бастықтары және шеберлер болып табылады.

Қысқы кезеңде автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру автомобиль жолдарын басқарушылардың жедел штабтарына жүктеледі. ЖПУ және жол-пайдалану бөлімшелерінде (бұдан әрі - ЖПБ) диспетчерлердің (кезекшілердің) тәулік бойы жұмысы қосымша ұйымдастырылады.

Диспетчерлерді лауазымға тағайындау инженерлік-техникалық қызметкерлер қатарынан жүзеге асырылады. Диспетчер қажетті оқытудан өтуі және осы Ведомстволық нормативтің талаптарын білу бойынша сынақтан өтуі тиіс.

Б.2 ЖПУ және ЖПБ метеожағдайлар туралы ақпаратты жинауды, қабылдауды және беруді Б1-суретте көрсетілген сұлба бойынша жүзеге асырады.

Б.3 ЖПУ және ЖПБ жүзеге асырады:

- «Қазгидромет» РМК ресми сайттарынан және №1 журналдың 1-4, 9 және 10-бағандарында белгіленген басқа көздерден ауа райы болжамын тұрақты (тәулігіне екі реттен кем емес) қабылдау;

- №1 журналдың 1-10-бағандарында белгісі бар ЖПУ, ЖПБ метеостанцияларынан және басқа да көздерден алынатын жедел ақпаратты тұрақты (кемінде екі сағат сайын бір рет) жинау;

- автомобиль жолдарын басқарушылардың диспетчерлік қызметтерінен, ЖПУ және ЖПБ кезекшілерінен, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың кезекшілері мен қызметкерлерінен, автокөлік кәсіпорындарының диспетчерлік қызметтерінен және жол қозғалысына қатысушылардан №1 журналдың 11-бағанын (өзге де ақпарат) толтыра отырып, өзге де ақпаратты қабылдау;

- қажет болған жағдайда автомобиль жолдарын басқарушыларға, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның және азаматтық қорғау саласындағы кезекші бөлімдеріне, «112» бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке, автокөлік кәсіпорындарының диспетчерлік қызметтеріне, ЖПБ кезекшілері мен ЖПУ басшыларына ақпарат (12-баған) беру;

- №2 журналда деректерді тіркей отырып, қысқы күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды есепке алу;

- осы қосымшада келтірілген белгіленген нысан бойынша автомобиль жолдарының иелеріне күнделікті ақпаратты беру.

Б.4 Диспетчерге (кезекшіге) мынадай функциялар жүктеледі:

- **Б. 3** сәйкес ақпаратты жинау, алу және беру;

- «Қазгидромет» РМК қар жауу және көктайғақтың пайда болуы туралы ақпарат алған жағдайда жауапты қызметкерлерді, жүргізушілерді және механизаторларды жинауды ұйымдастыру;

- осы Ведомстволық нормативтің 5.1-5.17-тармақтарына сәйкес талаптардың орындалуын ұйымдастыру;

- КҚМ тұздың нақты құрамына сүйене отырып, 5.10-тармақ бойынша КҚМ үлестіру нормаларын тағайындау немесе есептеу;

- жол парағында жұмыстарды жүргізу мекенжайын, КҚМ үлестіру нормаларын және жұмыстарды орындау мерзімдерін көрсете отырып, желіге жол-пайдалану техникасын шығару жөніндегі құжаттаманы дайындау;

- жол-пайдалану техникасының желіге шығу және оларды базаға қайтару уақытын тіркеу;

- жол-пайдалану техникасын олардың сынуы немесе ауа-райының күрт өзгеруі себебінен белгіленген кесте орындалмаған жағдайда жедел қайта бөлу;

- жол-пайдалану техникасын желіден қайтару уақытын және КҚМ мен ЖЖМ нақты шығынын тіркеу;

- орындалған жұмыстардың көлемін тіркеу;

- жол қозғалысы қауіпсіздігін және жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

- автомобиль жолдарын қысқы күтәп-ұстау кезіндегі жұмыстарды есепке алу бойынша №2 журналды жүргізу.

Б.5 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезіндегі жұмыстарды есепке алу жөніндегі № 2 журнал ЖПУ және ЖПБ қызмет көрсететін автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау нәтижелері бойынша негізгі есепті құжат болып табылады.

Б.6 №1 және №2 журналдар нөмірленеді, тігіледі, бөлімше басшылары куәландырады және елтаңбалы мөрмен бекітіледі. Журналдарды сақтау мерзімі қыс мезгілі аяқталғаннан кейін 3 жыл. №1 және №2 журналдардан деректерді мемлекеттік органдарға ұсыну қажет болған кезде журналдардың тиісті беттері ксерокөшірмеленеді, ЖПУ және ЖПБ басшыларымен куәландырылады және мөрлермен бекітіледі.

№1 және №2 журналдарды қағаз тасығыштарда ауысым сайын басып шығарумен және кейіннен диспетчерлердің (кезекшілердің) және ЖПУ/ЖПБ басшыларының жазылуымен электрондық түрде толтыруға жол беріледі.

Б.7 Қысқы күтіп-ұстауды метеорологиялық қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

- жалпы мақсаттағы ауа райы болжамдары;

- арнайы мақсаттағы ауа райы болжамдары;

- жол жамылғысының жай-күйі және ауа-райы туралы жедел ақпарат.

Жалпы және арнайы мақсаттағы ауа райы болжамдары бұлттылық пен жауын-шашын, метеорологиялық параметрлердің күтілетін мәндері және олардың ықтимал өзгеруі туралы ақпаратты, қауіпті және аса қауіпті құбылыстардың болжамдарын, сондай-ақ бұлттылық пен жауын-шашынның радиолокациялық бақылауларының деректерін қамтиды.

Автомобиль жолдарын басқарушыларды қамтамасыз ету үшін метеорологиялық ақпарат тізбесі «Қазгидромет» РМК-дан алынатын мынадай ақпаратты қамтиды:

- жауын-шашынның басталу және аяқталу уақыты, олардың қарқындылығы туралы ескерту;

- көктайғақ туралы ескерту;


- температураның өзгеруінің болжамды үрдісі,

- ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, атмосфералық қысым;

- желдің бағыты мен жылдамдығы;

- негізгі автомобиль жолдарының бағыттары бойынша 12 сағатқа арналған (09-00-ден 21-00-ге дейін және 21-00-ден 09-00-ге дейін) ауа райы болжамдары;

- ауа-райының мамандандырылған болжамдары 1 сағат тоқтаумен 4 сағатқа (тәулігіне 8 ретке дейін) - температура, желдің жылдамдығы, көктайғақтың ықтималдығы, қарқындылығы көрсетілген жауын-шашын аймақтары;



Б.1-сурет - Метеожағдайлар туралы ақпаратты жинау, қабылдау және беру сұлбасы

- құбылыстың басталу және аяқталу (баяулау) уақытын көрсете отырып, дауылды ескертулер, алдын ала 2 сағат бұрын.

Жалпы мақсаттағы ауа райы болжамдарының қосымша көзі интернет-ресурстарда орналастырылатын «Қазгидромет» РМК ақпараты және метеостанциялардың көмегімен ЖПУ мен ЖПБ белгіленген деректер болып табылады.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының телімдерінде орналасқан метеобекеттері жүру бөлігінің жамылғысы мен ауа-райының жай-күйі туралы жедел ақпарат алу көзі болып табылады. Метеостанциялардағы аспаптардың көмегімен:

- ауа температурасы;
- қар, мұз және қар-мұз шөгінділерінің қалыңдығы.

ҚР ВН 6.1-001-2024
350.004

- ауаның салыстырмалы ылғалдылығы;
- желдің жылдамдығы мен бағыты;
- атмосфералық қысым;
- жауын-шашынның түрі мен қарқындылығы;
- метеорологиялық көріну қашықтығы;
- жол төсемесіндегі көктайғақ-аяз құбылыстары, қардың болуы;
- жол жамылғысының температурасы, судың, тұздың шоғырлануының болуы.

Ақпаратты қабылдау және беру жөніндегі № 1 журналдың нысаны
_____ бойынша 20 ____/20 ____ жж. қыс
_____ бөлімшенің атауы

Ақпараттың мазмұны											Ақпаратты беру (күні, уақыты және мекемен-жайы)	Диспетчердің қолы
Күні, уақыты және ақпарат көзі	Ауа температурасы, °С	Ауаның ылғалдылығы *, %	Жауын-шашынның түрі (жөк, боран, қар, жаңбыр, тұман). Жауын-шашынның қарқындылығы (әлсіз, орташа, қатты). Көктайғақ туралы ескерту немесе дабылдың болуы	Жауын-шашынның басталу уақыты, сағ, мин	Жауын-шашынның аяқталу уақыты, сағ, мин	Жамылғының жай-күйі (құрғақ, таза, ылғалды, борпылдақ қар (КҚМ өңделген), еріген қар (КҚМ өңдегеннен кейін), қар-мұзды орам, көктайғақ	Мұздың, қардың, қар-мұздың қалыңдығы, см	Желдің жылдамдығы *, м/с	Желдің бағыты *	Басқарда ақпарат		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Ескертпе – * Бағандар ақпарат болған кезде толтырылады.												

№2 журналдың нысаны

(республикалық маңызы бар автомобиль жолдары үшін)

_____ автомобиль жолын қысқы күтіп-ұстау кезіндегі жұмыстарды
есепке алу бойынша,
қызмет көрсететін ЖПУ (ЖПБ) № _____, ұзындығы _____ шқ
20 ____/20 ____ жж. қыс

№ р\ б	Күні	Қысқы тайғақты жою бойынша орындалатын жұмыстардың түрі: а-қар тазалау; б-КҚМ өңдеу; в-КҚМ өңдеу және қар тазалау	Күні және уақыты, сағ, мин		Қысқы тайғақты жою жөніндегі жұмыстарды орындау мекенжайы			КҚМ үлестру нормасы, г/м ²	
			қысқы тайғақты жою жөніндегі жұмыстардың басталуы	қысқы тайғақты жою жөніндегі жұмыстардың аяқталуы	Басы, шқ+м	Соңы, шқ+м	Ұзындығы, шқ	Натрий хлориді	ҚТҚ
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

№2 журнал нысанының жалғасы

Жұмсалғаны, т				Техниканың түрі және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі		Жүру бөлігін КҚМ өңдеуді, мың м ²	Жүру бөлігін КҚМ өңдеу үшін жүріп өтті, шқ./оның ішінде бос жүріс, шқ	Жүру бөлігінде қар тазалау кезінде, шқ	Жол жиектерінде қар тазалау кезінде, шқ	Ескертпе	Диспетчердің (кезекшінің) Т.А.Ә. және қолы
таза натрий хлориді	тұздарды ылғалдандыруға арналған тұзды ерітінді	ҚТҚ		бір қайырмалы режим	екі қайырмалы режим						
		барлығы	оның ішінде натрий хлориді								
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

№2 журналдың нысаны

(облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары үшін)
_____ мердігерлік жол ұйымы қызмет көрсететін автомобиль жолдары желісін қысқы күтіп-ұстау кезіндегі жұмыстарды есепке алу бойынша, ұзындығы _____ шқ
20___/20___ жж. қыс

№ р/ б	Күн і	Қысқы тайғақты жою бойынша орындалатын жұмыстардың түрі: а-қар тазалау; б-КҚМ өңдеу; в-КҚМ өңдеу және қар тазалау	Күні және уақыты, сағ, мин		КҚМ үлестру нормасы, г/м2		Жұмсалғаны, т			
			қысқы тайғақты жою жөніндегі жұмыстардың басталуы	қысқы тайғақты жою жөніндегі жұмыстардың аяқталуы	Натрий хлориді	ҚТҚ	таза натрий хлориді	тұздарды ылғалдандыруға арналған тұзды ерітінді	ҚТҚ барлығы	оның ішінде натрий хлориді
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

№2 журнал нысанының жалғасы

Техниканың түрі және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі		Жүру бөлігін КҚМ өңделді, мың м2	Жүру бөлігін КҚМ өңдеу үшін жүріп өтті, шқ./оның ішінде бос жүріс, шқ	Жүру бөлігінде қар тазалау кезінде, шқ	Жол жиектерінде қар тазалау кезінде, шқ	Ескертпе	Диспетчердің (кезекшінің) Т.А.Ә. және қолы
бір қайырымалы режим	екі қайырымалы режим						
12	13	14	15	16	17	18	19

**Жолдың өтпелілігінің жай-күйі, материалдардың шығыны, ЖКО-ның болуы және
қыс жағдайында техниканың жұмысы туралы**

КҮНДЕЛІКТІ АҚПАРАТҚА АРНАЛҒАН НЫСАН

_____ жолдың атауы _____ жағдай бойынша
(күн, жыл)

Көрсеткіштер		Берілетін ақпараттың нөмірі	Болуы, мөлшері
ЖПУ (ЖПБ) саны, дана		1	
Ауа температурасы, °С (ЖПУ (ЖПБ) бойынша орташа)		2	
Ақпарат беру уақытындағы ауа райы (ЖПУ (ЖПБ) саны)	Қар жауу	3	
	Боран	4	
	Жаңбыр	5	
	Тұман	6	
Жолдардың жүру бөлігінің жай-күйі (барлық ЖПУ (ЖПБ) бойынша орташа деректер)	Құрғақ, таза	7	
	Жабысқақ	8	
	Көктайғақ	9	
	Қар орамы	10	
	Қар басу	11	
Жұмыстың күрделілік дәрежесі (барлық ЖПУ (ЖПБ) бойынша орташа деректер)	I	12	
	II	13	
ҚТҚ	Қысқы кезеңнің басынан бастап тұтыну, т	14	
	Оның ішінде тәулігіне, т	15	
	Қалдық, т	16	
Таза натрий хлориді	Қысқы кезеңнің басынан бастап тұтыну, т	17	
	Оның ішінде тәулігіне, т	18	
	Қалдық, т	19	
Бензин	Қалдық, т	20	
	Оның ішінде екі апталық төмендетілмейтін қор, т	21	
Дизель отыны	Қалдық, т	22	
	Оның ішінде екі апталық төмендетілмейтін қор, т	23	

Күнделікті ақпаратқа арналған нысанның соңы

Меншікті техника	Қар тазалағыш	Болуы	дана	24	
		Жұмыс істеді	дана	25	
	Құмтұз таратқыш	Болуы	дана	26	
		Жұмыс істеді	дана	27	
01.01. _____ ж. бастап барлық ЖКО		ЖКО саны		28	
		Қаза болғандар, адам		29	
		Жарақаттанғандар, адам		30	
Бір тәуліктегі ЖКО		Апаттар саны		31	
		Қаза болғандар, адам		32	
		Жарақаттанғандар, адам		33	
Ямочность		01.01. _____ бастап ж. жойылды, мың м		34	
		Бір тәулікте жойылды, м ²		35	
		Шұңқырлардың болуы, мың м ²		36	

Т.А.Ә.

Жауапты тұлғаның қолы

В қосымшасы
(міндетті)

**Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстар
материалдарының құрамы мен мазмұны**

В.1 Қысқы күтіп-ұстау жөніндегі құжаттар топтамасына мыналар кіреді:

- титул парағы;
- түсіндірме жазба;
- алдыңғы қысқы кезеңде қызмет көрсетілетін автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау туралы есеп;
- алдағы күзгі-қысқы кезеңде жұмыстарды ұйымдастыруға дайындық туралы автомобиль жолдарын басқарушылардың бұйрықтары;
- автомобиль жолдарын басқарушылардың жол-пайдалану техникасының кезекшілік кестесі туралы бұйрықтары;
- өндірістік базаларды (қазандық жабдықтар, жылыту пештері, жылыту жүйелері, ыстық сумен жабдықтау, кәріз, электротехникалық жабдықтар және электрмен жабдықтау желілері), тамақтану және демалыс бөлмелерін дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- барлық жұмыс түрлеріне арналған технологиялық карталардың, сондай-ақ автомобиль жолдарын басқарушылардың қалауы бойынша өзге де құжаттардың тізбесі;
- қызмет көрсету ұзақтығы, шекаралары, пайдалану жағдайына қойылатын талаптар деңгейі және қызмет көрсету бөлімшесі көрсетілген автомобиль жолдарының тізбесі;
- оларға қызмет көрсету және КҚМ базаларын орналастыру шекаралары көрсетілген автомобиль жолдарының сызбалары;
- оларға қолданылатын тұрақты және уақытша қардан қорғау құралдарын көрсете отырып, қарлы телімдердің тізбесі;
- қардан қорғау міндетті түрде орналастырылатын қарлы телімдердің тізбесі;
- автомобиль жолдарының атаулары, пайдалану жағдайына қойылатын талаптар деңгейі, мекенжайлары, жүру бөлігі мен жаяужолдар алаңының ұзақтығы көрсетілген жасанды құрылыстардың тізбесі;
- автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауға арналған материалдарды дайындау жоспары;
- автомобиль жолдары үшін КҚМ қажеттілігінің тізімдемесі;
- қауіпті жол телімдерінің тізімдемесі;
- КҚМ арнайы сақтау алаңдары туралы мәліметтер;
- автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауға арналған жол-пайдалану техникасы санының тізімдемесі;
- жүргізушілер мен механизаторларды жұмыстарды орындау мекенжайын көрсете отырып, жол-пайдалану техникасына бекіту тізімдемесі;
- қызмет көрсетілетін автомобиль жолдарында қысқы күтіп-ұстауға жауапты лауазымды тұлғалардың тізімі;
- қызмет көрсетілетін жолдардың тізбесі бар лауазымды тұлғалардың тізімі диспетчердің (кезекшінің) қызметтік бөлмесінде болуы тиіс;
- күрделілігі II дәрежелі қысқы күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды орындау үшін тартылатын жол-пайдалану техникасының тізбесі;
- ГОСТ 33387 бойынша ҚТҚ үлестіру жүргізілетін автомобиль жолдары телімдерінің тізбесі;

Төменде автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау құжаттарының нысандары келтірілген.

Қысқы күтіп-ұстау құжаттарының нысандары

Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезінде жұмыстардың орындалуы туралы

ЕСЕП

20__/20__ жж. ЖПУ (ЖПБ) _____ бойынша

Жолдың ұзындығы, шқ		Жалпы саны, рет		Жалпы саны, рет			КҚ М өңделгені, мың шқ	Тазалау бойынша жүргізілді, мың шқ	КҚМ үлестірудің орташа нормасы, г/м ²			Жұмсалғаны, т/шқ			
Қызмет көрсетілетін	7 метрге келтірілгені	жауын-шашын	0°С арқылы температураның ауысуы	профилі	қапталы	қысқатайғақты жою бойынша кешенді жұмыстар			NaCl ерітіндісі	таза NaCl	ҚТҚ	NaCl ерітіндісі	таза NaCl	ҚТҚ	бағлы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

Қысқы күтіп-ұстау құжаттары нысандарының жалғасы

Жұмыстарды орындау ұзақтығы, сағ.			Орындалғаны, маш.сағ./шқ					Жұмсалға н ЖЖМ, т/шқ	ЖКО саны, дана		Шығ ында р, мың тг/ шқ	
Профилакти калық өндеу	Қар таза лау	қысқы тайғақт ы кешенді жою	Құмтұз таратқышта р	қар тазалағыштармен				бенз ин	дизе ль отын ы	бар лығ ы	оның ішінд е жол жағда йлары на байла нысты	
				атомоб иль базасы нда	тракт ор базас ында	грейд ер базас ында	айнал малы қар тазал ағыш тарме н					
17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29
Ескертпелер 1 2-бағанның көрсеткіші қызмет көрсетілетін автомобиль жолдарының нығайтылған жиектерін ескере отырып, 7-ге бөлінген жамылғылардың жалпы ауданы ретінде айқындалады. 2 8, 9, 13-16, 20-26-бағандарда 7 м-ге келтірілген шақырымдар көрсетілген (2-баған).												

_____ ЖПУ (ЖПБ) қызмет көрсететін автомобиль жолдарының тізбесі

№ р/б	ЖПУ (ЖПБ) №	Жолдың нөмірі	Жолдың титулы	Қызмет көрсету шекарасы, шқ+м			Талаптар деңгейі
				Басы	Соңы	Ұзындығы	
1	2	3	4	5	6	7	8
						Σ	

_____ ЖПУ (ЖПБ) қызмет көрсететін жасанды құрылыстардың тізбесі

№ р/б	Жолдың нөмірі	Жолдың титулы	Құрылыстың атауы	Орналасқан жері, шқ+м		Ұзындығы, м
				Басы	Соңы	
1	2	3	4	5	6	7
						Σ

КҚМ сақтауға арналған арнайы алаңдар туралы мәліметтер

№ р / б	Базаның мекенжайы				Арнайы алаңның атауы	Базаның типі (ашық, жабық)	Жол осінен базаға дейінгі қашықтық, шқ	КҚМ жоспарланған көлемі					
	Жолдың нөмірі	Жолдың титулы	Жолдың жағы	Орналасқан жері, шқ+м				Ингибитор	Басылуға қарсы	NaCl ерітіндісі	NaCl тұзы	ҚТҚ класы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
БАРЛЫҒЫ								Σ	Σ	Σ	Σ	Σ	Σ

ЖПУ (ЖПБ) арналған КҚМ қажеттілік тізідемесі

ЖПУ (ЖПБ) нөмірі	Жолдың титулы	7 м келтірілген қызмет көрсетілетін маршруттың ұзындығы, шқ	Көктайғақ жағдайларының саны, рет	Қар мен боран жағдайларының саны, рет	Қар жауудың ұзақтығы, сағ.	Қысқы тайғақтықты жоюдың директивалық мерзімдері, сағ.	Қысқы кезеңдегі себу саны, рет	Орташа теріс ауа температурасы, °C
1	2	3	4	5	6	7	8	9
		Σ						
ЖПУ бойынша барлығы:								

ЖПУ (ЖПБ) арналған КҚМ қажеттілік тізідемесінің жалғасы

Суға есептегенде бір реттік қармұз түзілімдерінің орташа қалыңдығы, мм	Қар және мұз түзілімдерінің орташа тығыздығы, г/см ³	Тұзды үлестірудің есептік нормасы, т/1000 м ²	7 м-ге келтірілген жолға тұздың қажеттілігі, т/шқ	NaCl жалпы қажеттілік, т	Құмның мөлшері, т, қабаттардағы ҚТҚ класы		7 м-ге келтірілген жолға құмның қажеттілігі, т/шқ	Құмның барлық көлемі, т
10	11	12	13	14	15	16	17	18
				Σ				

ЖПУ қызмет көрсететін қауіпті телімдердің тізімдемесі

ЖПУ (ЖПБ) нөмірі	Жолдың нөмірі	Жолдың титулы	Телімнің мекенжайы		Ұзындығы, м	Қауіпті телімдердің сипаттамасы
			Басы, шқ+м	Соңы, шқ+м		
1	2	3	4	5	6	7

ЖПУ (ЖПБ) бойынша қар басқыш телімдердің тізбесі

Ж П У (Ж ПБ) нө мі рі	Жол дың нө мі рі	Жол дың титу лы	Жол дың жағы	Қар басқыш телімдер, шқ+м			Қар ұстайтын екпелердің болуы, шқ+м				Қар ұстайтын құрылымдарды орнату, шқ+м						Қар орла ры н орн ату жос пар ы, шқ+ м
				на ча ло	ко не ц	дл ин а	на ча ло	ко не ц	дл ин а	в и д	щитов				сеток		
											1 тип		2 тип		п ла н	ф ак т	
											п ла н	ф ак т	п ла н	ф ак т			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
ЖПУ (ЖПБ) бойынша барлығы:						Σ			Σ			Σ		Σ		Σ	Σ

ЖПУ (ЖПБ) арналған жол-пайдалану техникасы санының тізімдемесі

Атауы дорожно-эксплуатационной техники	ЖПУ (ЖПБ) бойынша қажет, дана	Қолда бары, дана	Жол-пайдалану техникасының жетіспейтін саны, дана
1	2	3	4

ЖПУ (ЖПБ) бойынша жүргізушілер мен механизаторларды жол-пайдалану техникасына бекіту тізімдемесі

ЖПУ (ЖПБ) нөмірі	Т.А.Ә.	Лауазымы	Көліктің маркасы	Көліктің нөмірі	Орнатылған жабдықтың типі	Технологиялық байланыстың болуы	Маршрут немесе жұмыс орны
1	2	3	4	5	6	7	8

**_____ ЖПУ (ЖПБ) автомобиль жолдарын қысқы
күтіп-ұстауға жауапты лауазымды тұлғалардың тізімі**

Лауазымы	Т.А.Ә.	Телефондары
1	2	3

**«БЕКІТЕМІН»
Филиал басшысы**

**_____ ЖПУ (ЖПБ) бойынша күрделілігі II дәрежелі қысқы күтіп-ұстау
жұмыстарын орындау үшін тартылған жол-пайдалану техникасының тізбесі**

Жол-пайдалану техникасының атауы			Жол-пайдалану техникасының иесі-ұйымның атауы, ұйым басшысының Т. А. Ә., мекенжайы және телефоны	Жұмыстарды орындау жоспарланған ЖПУ (ЖПБ) атауы	Жол-пайдалану техникасы тұрағының мекенжайы
Көліктің маркасы	Көліктің нөмірі	Орнатылған жабдықтың типі			
1	2	3	4	5	6

ЖПУ (ЖПБ) басшысы _____

**ГОСТ 33387 бойынша ҚТҚ үлестіру жұмыстары жүгізілетін _____ ЖПУ (ЖПБ)
қызмет көрсететін автомобиль жолдарының тізбесі**

ЖПУ (ЖПБ) шаралары	Жолдың титулы	Жолдың нөмірі	Мекенжайы, шқ+м	
			Басы	Соңы
1	2	3	4	5
ЖПУ (ЖПБ) барлығы, шқ				

**«БЕКІТЕМІН»
Филиалдың бас инженері**

« ____ » _____ 20 ____ ж.

**_____ ЖПУ (ЖПБ) бойынша автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауға
арналған материалдарды дайындау жоспары**

Материалдық ресурстардың атауы	Өлшем бірлігі	БАРЛЫҒЫ
Кристалды NaCl		
Қажеттілік	т	
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	т	
Дайындау қажет	т	

ЖПУ (ЖПБ) бойынша автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауға арналған
материалдарды дайындау жоспарының жалғасы

ГОСТ 33387 бойынша құмды-тұзды қоспа		
Қажеттілік	т	
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	т	
Дайындау қажет	т	
Қар ұстайтын қалқандар		
Қажеттілік	дана	
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	дана	
Дайындау қажет	дана	
Қар ұстайтын торлар		
Қажеттілік	қ.м.	
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	қ.м.	
Дайындау қажет	қ.м.	
Қардан қорғайтын екпелер (ағаштар мен бұталардың түрлері)		
20 ж. арналған отырғызу тапсырмасы	шқ	
01.09.20 ж. дейін отырғызылды	шқ	
01.01.20 ж. дейін отырғызу жоспарлануда	шқ	
20 ж. арналған санитарлық кесу тапсырмасы	шқ	
01.01.20 ж. дейін санитарлық кесу жоспарлануда	шқ	
20 ж. арналған күтімді кесу тапсырмасы	шқ	
01.01.20 ж. дейін күтімді кесу жоспарлануда	шқ	
Ингибитор	т	
Басылуға қарсы		
Белгілер	т	
Қажеттілік	дана	
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	дана	
Дайындау қажет	дана	
Асфальтбетонның сынығы		
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	т	
Дайындау қажет	т	
Шағыл тас		
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	т	
Дайындау қажет	т	
Битум		
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	т	
Дайындау қажет	т	
Органоминералды қоспа		
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	т	
Дайындау қажет	т	
Эмульсиялық-минералды жиналмалы қоспа		
01.09.20 ж. жағдай бойынша болуы	т	
Дайындау қажет	т	
Басқа да материалдар:		

Арнайы алаңдар мен тұрмыстық бөлмелерді дайындау жөніндегі іс-шаралар
жоспары

КҚМ сақтау базасының атауы	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты
1	2	3	4

Г қосымшасы
(ақпараттық)

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы қысқы тайғақтың негізгі түрлері мен сипаттамалары

Г.1 Жауын-шашын мен ауыспалы температураның әсерінен пайда болатын қысқы тайғақтың негізгі түрлері Г.1-кестеде келтірілген.

Г.1-кесте

